Қазақстанның тамақ өнеркәсібі бүгінгі күні шағын, орта және ірі бизнестің 2 678 жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарымен ұсынылады.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша 2010 жылдың қаңтары- тамызы аралығындағы кезеңде тамақ өнеркәсібінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі 554 401 млн. теңгені құрады, бұл бүкіл өңдеу өнеркәсібінің 24,01% алады. Тамақ өнеркәсібі құрылымында өндірістің негізгі көлемін (75,3%) тамақ өнімдері алады. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тамақ өнімдерін өндіру көлемі 15,3% артты және 417355 млн. теңгені құрады.

Соңғы жылдар ішінде тамақ өнеркәсібінің дамуын мынадай түрде көрсетуге болады:




өндіріс көлемі, млрд. теңге ИФО, өткен жылға %-бен

1-диаграмма. Тамақ өнімдерін өндіру көлемінің 2005-2009 жылдар ішіндегі серпіні.
*Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Диаграммадан көрініп тұрғандай, 2009 жылы республиканың тамақ өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 1,8% құрады және ағымдағы бағамен 791,6 млрд. теңгені құрады. Құлдырау елдің өңдеу өнеркәсібінің бірқатар басқа салаларымен салыстырғанда аса терең болып шықпады, әйтсе де өндірудің азаюы үшін алғышарттар жеткілікті елеулі болды:

- халықтың сатып алу сұранысының қысылуы;
- айналым қаражатының тапшылығы;
- кредит ресурстарын тарту мүмкіндігінің тарылуы;
- жекелеген тамақ өнімдері бойынша бәсекелік артықшылықтардың жоғалуы.


Етті қайта өңдеу мен ет өнімдерін өндіру тамақ өнімдері нарығының құрылымында көшбасшылық орындардың бірін алады, оның нарықтағы үлесі 01.08.10 ж. **12,7%** құрады (2-диаграмма).



ет өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін өндіру
балықты, шаян тәріздестер мен моллюскаларды өңдеу
жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеу
есімдік және жануарлар майлары мен тоң майларын өндіру
сүт өнімдерін өндіру
ұн тарту өнеркәсібі өнеркәсібі, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру
нан-бөлке және ұн өнімдерін өндіру
өзге де тамақ өнімдерін өндіру
жануарларға арналған дайын азықтар өндіру

2-диаграмма. 2010 жылғы қаңтар-тамыздағы тамақ өнімдері нарығының құрылымы.
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

2009 жылы ет өндіру мен тағамдық қосымша өнімдер (13,9%), сондай-ақ шұжық өнімдері (5,6%), шырындар (11,7%), майлар мен ұн (10,4%) өндіру сияқты бағыттарды айтарлықтай есу болды. Тұтастай алғанда, қант (24,4%) пен сүт өнімдерін өндірушілер сала көрсеткіштеріне әсер ететін барынша құлдырауды көрсетті. Алкоголсыз және күшті алеоголь сусындарын шығару аздап қысқарды. Сыра өндіру іс жүзінде 2008 жылдың деңгейінде қалды (3-диаграмма).



3-диаграмма. 2008 жылмен салыстырғанда тамақ өнеркәсібіндегі өнімдердің аса маңызды түрлерін 2009 жыл ішінде өндіру көлемінің серпіні.* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

2-кесте


Тамақ өнеркәсібі өнімдерінің аса маңызды түрлерін өндіру

	2005	2006	2007	2008	2009
Ет және тағамдық қосымша өнімдер, тонна	85625	91412	110187	113466	129263
Еттен жасалған консервілер, тонна	2659	3179	4702	4613	4419
Шұжық өнімдері, тонна	25065	30759	38180	39983	42209
Дайындалған және консервленген балық, тонна	28329	26984	34107	38783	11420
Жеміс және көкөніс шырындары, мың литр	99459	129997	168035	122510	136817
Мақта майы және оның фракциялары, тонна	38395	38269	27914	27338	34033
Тазартылмаған күнбағыс майы, тонна	57559	66800	71772	55056	50346
Тазартылған күнбағыс майы, тонна	56295	74291	83791	62162	75113
Маргарин және ұқсас өнімдер, тонна	26893	25756	29016	34133	43973
Өңделген сұйық сүт және қаймақ, тонна	179673	225816	258733	265508	250684
Қатты нысандағы сүт, тонна	4277	4444	3847	3403	3051
Сары май, тонна	19736	18596	19707	16598	15341
Сыр және ірімшік, тонна	14952	17042	17154	15473	15591
Астық дақылдарынан алынған және өсімдік ұны, тонна	2755964	2849866	3079725	3375460	3725448
Жаңа піскен нан, тонна	564816	588561	614569	655161	659629
Қант, тонна	528781	490247	392261	508496	384576
Шоколад, шоколоттан және қанттан жасалған кондитер өнімдері, тонна	69772	74676	77569	77052	90204
Макарондар, лапша, кускус және ұқсас ұн өнімдері, тонна	85092	104148	124842	122395	112808
Коньяктар, мың литр	5431	6278	6115	4293	4537
Арақ, мың литр	56984	54767	49871	45027	39171
Шарап, мың литр	52869	36795	19415	13285	17193
Сыра, мың литр	323471	363839	410960	360676	361534
Темекі өнімдері	30008	30834	31507	28483	26789

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Ет нарығын талдау

Ет пен ет өнімдері нарығының көрсеткіштері көбіне көп ҚР экономикасы өсуінің, ауыл шаруашылығы кешенін дамыту белсенділігінің, тұтынудың өсуінің және экономикалық белсенділіктің көрсеткіштеріне байланысты болады. Мәселен, 2009 жыл ішіндегі ет нарығының көрсеткіштері 2008 жылмен салыстырғанда ет шикізаты мен өнімдер ресурстарының заттай мәнде 2% ұлғайғанын көрсетті (№4 диаграмма). Ресурстардың өсуі негізінен импорттық жеткізілімдердің жылына орта есеппен 31% ұлғаюы есебінен болды, сол уақытта өндірістің өсуі жылына орта есеппен 3% құрады. 2009 жыл ішіндегі ет импортының көрсеткіштері 70,5 мың тонна етті немесе 2008 жылғының 14% құрады, сол уақытта ҚР ет өндіру 816 мың тоннаны құрады немесе 2008 жылғыдан 1% ұлғайды.



4-диаграмма. ҚР ет және ет өнімдері нарығының 2005-2009 жылдар ішіндегі нарығы көлемінің серпіні, мың тонна.
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша



5-диаграмма. ҚР 2005-2009 жылдар ішінде ет және ет өнімдерін тұтыну көлемінің серпіні, мың тонна
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Ет өндіру нарығындағы оң үрдіс жаң басына шаққандағы тұтынудың ұлғаюымен, ауыл шаруашылығы сегментіндегі инвестициялармен және Үкімет тарапынан болатын, оның ішінде банк қарыздарының пайыздық ставкаларын өтеу, жеңілдікті салық салуды пайдалану және «ҚазАгро» АҚ қаражатымен арзан қаржыландыру жөніндегі әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы елеулі қолдаумен байланысты.


Алматы облысы 2009 жыл ішінде ет өндіру көлемі бойынша нарықтың ең үлкен үлесін алады (№6 диаграмма).



6-диаграмма. 2009 жыл ішіндегі ет өндіру жөніндегі құрылым, %
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Республикадағы **мұздатылған өнімдер нарығы** (№7 диаграмма) 2009 жылдың 8 айы ішінде 16% ең жоғары мәнмен сенімді өсуді көрсетті. 2010 жылдың 8 айы ішінде өсім көлемінің 4% дейін төмендеуі байқалды, алайда тұтастай алғанда нарықтың дамуы байқалады, саланың өсу қарқыны оң мәнді болады. Алматы қаласының жалпы үлесі 2009 жылдың 8 айы ішінде 23% бастап төмендей отырып, 2010 жылдың 8 айы ішінде 19% жуықты құрайды, бұл мұздатылған өнімдер

өндірудің жылына 6,4-тен 5,8 мың тоннаға дейін өндіру көлемінің азаюымен түсіндіріледі. Алматы қаласының нарығы белгілі бір теріс салдарларды бастан көшіруде, бірақ тұтастай алғанда, Алматы қаласында айналымның оң көрсеткіштерін ескере отырып, нарық болашақта өсуді көрсететін болады (№6 диаграмма).




Алматы қаласы бойынша ет және қосымша өнімдер
ҚР бойынша ет және қосымша өнімдер
ҚР бойынша нарық серпіні

7-диаграмма. ҚР және Алматы қаласы бойынша ет және қосымша өнімдер нарығы көлемінің серпіні, тонна
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша


Шұжық өнімдері нарығын талдау

2010 жылдың 8 айы ішіндегі статистикалық деректер (№9 диаграмма) шұжық өнімдерін өндіру бойынша оң үрдістерді және 2009 жылдың 8 айында ұқсас кезеңнің көрсеткіштерімен салыстырғанда 2% шамалы өсімді көрсетеді. Өз кезегінде шұжық өнімдері импортының өсу серпіні 2009 жылдың 8 айы ішінде 26% құлдырауды тіркеді, оның үлесі жалпы нарықта 38%-дан 31% дейін төмендеді.



Шұжық өнімдерінің импорты, тонна
ҚР шұжық өнімдерін өндіру, тонна
Нарықтың серпіні
ЖІӨ өсуі

8-диаграмма. 2005-2009 жылдар ішінде ҚР шұжық өнімдері нарығы көлемінің серпіні, тонна *Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша




Шұжық өнімдерінің импорты, тонна
ҚР шұжық өнімдерін өндіру, тонна
Импорттың үлесі

9-диаграмма. 2007-2010 жылдарда ҚР бойынша шұжық өнімдерінің импорты, тонна * Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Қазақстанда шұжық өнімдері нарығының жыл сайынғы орташа өсімі жылына шамамен 20% құрады, мұнда нарықтың көлемі 2007 жылы 13% ұлғайып, 68,3 мың тонна шұжыққа жетті (№8 диаграмма). Алайда 2009 жылы ҚР-да экономикалық белсенділіктің теріс төмендеуі нәтижесінде нарық көлемінің 64,3 мың тоннаға дейін төмендеуі немесе 2008 жылға қарай 6% төмендеуі байқалды. 2009 жылдың 8 айы ішінде көбіне көп шұжық өнімдері импорты көлемінің күрт құлдырауы негізге алына отырып, нарықтың көлемі 9% төмендеді. Болашақта 2009 жыл ішінде бөлшек сауда айналымының, оның ішінде шұжықтар бойынша 20% ұлғайғанын негізге алғанда, қазақстандық өнім өндірушілер позицияларының ұлғаю және олардың көрсеткіштерінің жақсаруы мүмкіндігі мол. Шұжық өнімдерінің өндірісі өсуінің негізгі қозғалтқышы мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласын кеңінен қолдауы болып табылады, бұл шикізат бағалары индексінің

кеншеуілдеуіне, ҚР тауар айналымының ұлғаюына және тұтастай экономикалық жағдайдың жақсаруына әсер етеді.

Алматы қаласында шұжық өнімдері нарығының көлемі жылына орта есеппен 10% теріс өсуді көрсете отырып, ҚР бойынша жалпы құрылымда 2005 жылғы 33%-дан 2009 жылы 14% дейін төмендеуді көрсетеді (№10 диаграмма). 2009 жылдың ішінде Алматы қаласының үлесі 2009 жылғы 2% теріс көрсеткіштің шамалы өсуі кезінде жылына 6,5 мың тоннадан 5,4 мың тоннаға дейін 17% құлдырады. Төмендеудің себептері қазақстандық өнімнің ресейлік өндірушілермен өткір бәсекесінің күшеюі және лайықты сападағы шикізатты жеткізумен байланысты іргелі проблемалардың тереңдеуі және өндірушілер үшін қолайлы бағалық сипаттамалар болып табылады.




ҚР-дағы шұжық өнімдері, тонна
Алматы қаласындағы шұжық өнімдері, тонна
ҚР-да өсу серпіні
Алматы қаласында өсу серпіні
Алматының үлесі

10-диаграмма. ҚР және Алматы қаласы бойынша шұжық өнімдерін өндіру көлемінің серпіні, тонна
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Нан нарығын талдау

Қазақстанда нан нарығының орташа өсімі (№11 диаграмма) 2008 жылға дейін 655 мың тонна нан нарығы көлемімен жылына шамамен 5% құрады немесе 2007 жылға қарай 7% ұлғайды. 2009 жылы серпін теріс болды және 2008 жылға қарай (-)2% немесе 640 мың тонна өнімді құрады.



ҚР-да нан өндіру
Алматы қаласында жаңа піскен нан, тонна
ҚР бойынша Алматының үлесі

11-диаграмма. ҚР және Алматы қаласы бойынша нан өндіру серпіні, тонна

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша




12-диаграмма. 2005-2009 жылдар ішінде ҚР жан басына шаққанда тұтыну шығыстарының құрылымы.

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Нанның нарығы негізінен отандық өндірушілермен ұсынылған және: әр түрлі сапасы және қолданатын рецептері бар ірі нан-бөлке комбинаттарынан бастап мини-наубайханаларға дейінгі өндірушілердің көптігіне байланысты іс жүзінде импортты қамтымайды.

Соңғы бірнеше жылда ұн кондитерлік өнімдердің нарығы 137 мың тоннадан 105 мың тоннаға дейін (-)24% өсімнің төмендеуін көрсете отырып, жеткілікті түрде тұрақты дамыған жоқ, біз бұл нарық ҚР-дағы экономикалық белсенділіктің төмендеуіне, сондай-ақ ұн бағасының артуына жеткілікті түрде сезімталдықпен ден қойды деп ойлаймыз. Сонымен бірге 2008 жылдың 8 айы ішінде импорттың көрсеткіштері 12% ұлғайды (14-диаграмма), ол өнімдер нарығының 45% құрады, алайда осыған қарамастан 2009 жылғы 8 ай ішінде (-)12% дейін және 2010 жылдың 8 айы ішінде (-)18% теріс өсімді көрсетті.


Осы нарықтағы бәсекенің деңгейі жоғары және дәстүрлі нан-бөлке және кондитерлік өнімдер нарығының үлесі халықтың экономикалық белсенділігінің дамуы және нарыққа қатысушылар тарапынан түр-түрліліктің кеңеюі есебінен ұлғаятын болады.



Импорт
ҚР-да өндіру минус экспорт
Импорттың үлесі

13-диаграмма. ҚР-да НБ және кондитерлік өнімдер нарығы көлемінің серпіні, %

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша



Импорт
ҚР-да өндіру минус экспорт
Импорттың үлесі

14-диаграмма. ҚР-да НБ және кондитерлік өнімдер нарығының құрылымы, %

Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Баға сегментін талдау

Сондай-ақ тамақ өнімдері нарығын дамыту көрсеткіштерінің бірі ретінде тамақ өнімдеріне қойылатын бағаларды қарастыру да маңызды. 3-кестеден көрінетіндей, 2009 жылы тамақ өнімдерін отандық өндірушілердің бағалары өскен, алайда олардың өсу қарқыны елеулі түрде баяулады. Мәселен, егер 2008 жылы бағалардың индексі 127,2% құраса, онда 2009 жылы – 103,5% құрады. Бәрінен көп қымбаттағандар қант – на 29,8%, темекі өнімдері – 23,7%, сыра – 15,1%, ет және ет өнімдері – на 14,3%. Бұған шикізаттың қымбаттауы ықпал етті.

Сонымен бірге, 2009 жылы шикізат бағасының төмендеуі есебінен өсімдік майы – 18,8%, ұн және жарма – 12,9% арзандады.

3-кесте


Тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

	2005	2006	2007	2008	2009	Өзгеру 2009/2008
	Алдыңғы жылға %-бен					
СУСЫНДАР МЕН ТЕМЕКІНІ ҚОСА АЛҒАНДА, ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ	104,3	106,0	111,9	127,2	104	3,5
Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру	104,5	106,0	113,2	130,0	102	1,6
Ет және ет өнімдерін өндіру	113,5	104,0	109,1	126,3	114,3	14,3
Балық және балық өнімдерін өңдеу және консервлеу	182,0	123,8	116,5	129,6	111,8	11,8
Жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервлеу	101,4	102,0	103,7	112,9	109,4	9,4
Өсімдік және жануарлар майлары мен тоң майларын өндіру	98,1	100,0	122,2	154,3	81,2	-18,8
Сүт өнімдерін өндіру	108,2	107,4	113,2	131,7	103,7	3,7

Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерін өндіру	90,3	98,8	128,8	159,6	87,1	-12,9
Жануарларға арналған дайын азықтар өндіру	117,7	101,5	112,4	138,3	99,1	-0,9
Нан өндіру, ұзақ сақталмайтын кондитерлік, ұн өнімдерін өндіру	102,0	103,3	120,4	138,1	103,9	3,9
Қант өндіру	115,1	126,8	99,6	102,6	129,8	29,8
Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдерді өндіру	103,1	103,8	106,6	115,3	105,2	5,2
Ашытылған материалдардан жасалған этиль спиртін өндіру	108,8	104,0	106,5	131,0	113,1	13,1
Шарап жасау	104,2	106,6	104,4	105,1	110,4	10,4
Сыра жасау	102,0	108,5	114,5	115,1	115,1	15,1
Минералдық сулар мен алкогольсіз сусындар шығару	114,9	109,7	108,3	113,2	112,9	12,9
Темекі өнімдерін өндіру	102,8	105,7	103,1	106,0	124	23,7

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Ет және ет өнімдерінің бағаларын нақтырақ қарастырайық. Төменде келтірілген диаграммада осы өнімдер бағаларының тұрақты түрде өскені көрсетіледі. Егер 2005 жылы баға индексі 113,5% құраса, онда келесі екі жылда өсім қарқыны елеулі түрде төмендеді (2006 жылы және 2007 жылы тиісінше 4% және 9,1% құрады). 2008 жылы ет және ет өнімдерінің бағасы 26,3% өсті, бұл соңғы жылдар ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. 2009 жылы бағаның қымбаттауы алдыңғы жылға қарағанда төмен – 114,3% деңгейде орнықты.



алдыңғы жылға %-бен

15-диаграмма. 2005-2009 жылдар ішіндегі ет және ет өнімдері бағаларының индексі.

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Сондай-ақ салыстыру үшін тамақ өнімдері мен сусындардың кейбір түрлеріне қойылған орташа бағаларды келтіреміз:


Тамақ өнімдері мен сусындардың жекелеген түрлеріне қойылған орташа бағалар, 1 кг үшін

4-кесте

	Кезеңнің аяғына, теңгемен				
	2005	2006	2007	2008	2009
Сиыр еті	392	422	547	596	634
Қой еті	474	509	627	681	686
Шошқа еті	443	454	520	618	680
Ішек-қарны алынған тауықтар	339	313	445	453	440
Пісірілген шұжық	504	526	629	745	794
Жартылай ысталған шұжық	620	641	747	908	962
Жаңа ауланған балық	189	198	262	276	294
Жануарлар майы	411	422	563	642	726
Өсімдік майы, литр	168	163	324	303	220
Сүт, литр	59	63	89	96	97
Сыр	660	689	918	1 088	1 088
Жұмыртқа, ондық	142	142	191	191	174
Қант	92	106	106	120	170
Шәй	726	746	822	907	1 155
Жоғары сортты бидай ұны	53	55	91	107	91


Жоғары сортты бидай ұнынан пісірілген нан	65	73	111	123	123
Күріш	97	105	117	212	219
Картоп	41	59	64	72	55
Алма	136	135	178	186	178
Арақ, литр	333	358	469	520	618

Кестенің деректеріне сәйкес тамақ өнімдерінің негізгі үлесінің орташа бағалары әрбір жыл сайын өсіп отырған. Егер атап айтқанда жартылай ысталған шұжық өнімдерін қарастырсақ, онда 2009 жылғы олардың орташа бағасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,9% өсті және 962 теңге/кг құрады. 2005 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 2 есеге дерлік өсті (55,2%) (16-диаграмма).




16-диаграмма. 2005-2009 жылдар ішіндегі шұжық өнімдерінің орташа бағалары.
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Нан негізгі стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар өнім болып саналады, осыған байланысты өнімге қойылатын бағаны ҚР Басекелестікті қорғау агенттігі реттейді. ҚР-да 2006-2007 жылдары бидай бағасының құбылуларына байланысты 2007 жылы нанның бағасы 52% және 2008 жылы 11% шарықтау өсімін көрсетті (17-диаграмма). Үкімет астыққа қойылған бағаның соңғы өзгерістерін ескере отырып, баға диапазонын сақтау үшін нарыққа қатысушылармен меморандумдарға қол қою әдістерін пайдаланады, бұл көп шамада компаниялардың объективтік коммерциялық мақсаттарын кідіртеді. Алайда, сонымен бірге мемлекет неғұрлым арзанырақ шикізат беруде шектеулі қолдау көрсетеді.



Жоғары сортты бидай ұнынан пісірілген нан
Ұн
17-диаграмма. 1 кг нан және ұн бағасының индексі, теңге.
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша



Азық-түлік тауарлары
Нан және ұн-кондитерлік өнімдер
Азық-түлік тауарлары бойынша айналым өсімінің серпіні

18-диаграмма. ҚР бойынша бөлшек тауар айналымының құрылымы, 2005-2009 жылдар ішінде млрд. теңгемен.
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Нан-бөлке өнімдері нарығының ерекшеліктерін ескергенде, нан пісіру көлемінің тұрақты болатындығы және бұрынғы көлемде шығарылатыны күтіледі. Бұл нарық қалыптастырылған және реттелетін болып табылады, осыған байланысты біз нарыққа қатысушылар мүдделерінің неғұрлым қымбатырақ нанның сегментіне ығысатынын болжаймыз, ол еркін баға түзуде неғұрлым икемді болып табылады. Стратегиялық мәніне және Үкіметтің қолдауына байланысты осы сегментте орнын басу қаупі аз. Салаға кіруге кедергінің деңгейі капитал салымының аздығына, шикізаттың қол жетімділігіне және лицензиялар алу қажеттілігінің болмауына байланысты ортадан төмен ретінде бағаланады.

Сауда белсенділігі

Енді осы нарықтағы сауда белсенділігін қарастырайық. Мәселен, статистиканың деректері бойынша 2008 жылғы азық-түлік тауарлары саудасының құлдырауынан кейін (құлдырау 1,9%) 2009 жылы Қазақстанда тамақ өнімдерімен және сусындармен сауда жасау 2,8% өсті (19-диаграмма).



19-диаграмма. 2004-2009 жылдар ішіндегі азық-түлік тауарларының бөлшек сауда айналымы.
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Азық-түлік тауарларының сегментінде сауда көлемі бойынша мыналар көш бастайды (4-кесте):

- Ет, оның ішінде үй құсы еті және ет өнімдері (2009 жылы сату көлемі шамамен 131 млрд. теңгені құрады);
- Алкоголдіні қоса алғанда, әр түрлі сусындар (162 млрд. теңге);
- Сүт өнімдері және жұмыртқалар (97 млрд. теңге);
- Нан және ұн-кондитерлік өнімдер (74 млрд. теңге).

Бізге барынша қызғылықты сегмент – ет және ет өнімдерінің саудасы – соңғы жылдары оң үрдісті көрсетіп отыр. 5-кестеден көрінетіндей, 2009 жылы осы өнімдерді тұтыну өткен жылмен салыстырғанда 12,6% ұлғайды, 2007 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 21,39% құрады. Азық-түлік тауарлары тауар айналымының жалпы көлеміндегі осы сегменттің үлесі 14,2% тең. Сол арқылы ет және ет өнімдерін сату 2009 жылы сусындар (оның үлесі 17,5% құрады) сатудан кейін екінші орын алды.

Азық-түлік тауарларын сату көлемі

5-кесте

млн. теңге

	2007	2008	2009	2009/2008 өзгеру	2009/2007 өзгеру
Ет, оның ішінде үй құсы еті және ет өнімдері	108 434,6	116 886,1	131 631,4	12,6	21,39
Балық, шаян тәріздестер мен моллюскалар	14 700,6	17 465,1	23 122,2	32,4	57,29
Сүт өнімдері және жұмыртқа	56 375,0	76 054,4	97 025,4	27,6	72,11
Жемістер мен көкөністер	51 404,5	46 246,8	48 582,5	5,1	-5,49
Қант	25 422,3	34 687,6	37 814,6	9,0	48,75
Шоколад, шоколадтан және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	32 222,7	37 868,8	46 066,8	21,6	42,96
Нан және ұн-кондитерлік өнімдер	55 868,1	53 256,0	74 424,8	39,7	33,22


Алкогольдіні қоса алғанда, сусындар	118 475,9	161 425,0	162 851,4	0,9	37,46
Арақ және ликер-арақ өнімдері	37 737,3	50 131,2	47 958,5	-4,3	27,09
Коньяк	12 942,6	13 845,4	12 237,6	-11,6	-5,45
Жүзім және жеміс-жидек шарабы	19 070,4	27 813,4	26 761,8	-3,8	40,33
Шампан	5 588,0	10 198,0	11 045,1	8,3	97,66
Сыра	27 485,8	31 736,0	33 630,9	6,0	22,36
Темекі өнімдері	35 023,9	47 720,7	49 130,3	3,0	40,28

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Эмитенттің қызметін талдау

Сонымен, біз тамақ өнеркәсібі саласының негізгі көрсеткіштерін, оның ішінде оларды өндіру «Беккер және К» БК қызметінің негізгі бағыты болып табылатын ет және шұжық өнімдері нарығының дамуын қарастырдық. Енді осы көрсеткіштерді Эмитент қызметінің қорытындыларымен салыстырайық.


2004 – 2009 жылдар аралығындағы Компанияның өсу көрсеткіштері саладағы өсу көрсеткіштерінен жоғары болды және шамамен жылына **20%** құрады. Алайда, 2009 жыл ішінде сату көлемі тамақ өнімдеріне, оның ішінде премиум-класстағы өнімдерге шығыстарды шектеген экономикалық құлдыраудың, өтімділіктің төмендеуінің теріс әсеріне және күшейіп отырған бәсеке деңгейіне байланысты 2008 жылғы 20% салыстырғанда 7% азайды, бұл туралы шұжық өнімдері нарығындағы жергілікті және шетелдік ірі ойыншылардың тарапынан тауарлардың көбірек таралуы куәландырады.



20-диаграмма. 2009 жыл ішіндегі түсімнің құрылымы. %.

*Көз: «Беккер және К» БК

Шұжық өнімдері мен жартылай фабрикаттардың сегменттері барынша пайдалы болып табылады, олардың үлесіне рентабельділіктің негізгі бөлігі келеді, сол уақытта қалған сегменттердегі көрсеткіштер әлдеқайда төмен. Алматы қаласы бойынша шұжық өндіру жалпы көлемінің төмендеуін ескере отырып, біз шұжық өнімдері, мұздатылған жартылай фабрикаттар мен кондитер өнімдері нарығында Компания позициясының нығаятынын болжаймыз.




Шұжық өнімдері
Мұздатылған жартылай фабрикаттар
Нан-бөлке өнімдері
Сыра
Кулинария

21-диаграмма. «Беккер және К» БК шығарған өнімнің көлемі, тонна
*Көз: «Беккер және К» БК

Өлемдік нарықтардағы экономикалық құлдыраудың сипаты және шикізат бағаларының ұлғаюы Компания қызметіндегі негізгі тәуекелдерді түсіндіреді. Шикізат бағасының жоғары деңгейі ет өнімдерін шығару саласындағы қызметтің тиімділігін төмендетеді. Бұдан басқа, «премиум» сегментінде өсіп отырған бәсекелестік түпкі өнім бағасының деңгейін қалыптастыруға теріс әсер етеді.

Осы тәуекелдерге қарсы тұру бәсекеге қабілеттілікті арттыру, икемді баға стратегияларын қолдану, түр-түрді ұлғайту, Алматы қаласында өткізу нүктелерін ұлғайту арқылы жүзеге асырылады.



Өзгелері
Кулинария
Сыра, мың литр
Нан-бөлке өнімдері
Мұздатылған жартылай фабрикаттар
Шұжық өнімдері

23-диаграмма. «Беккер және К» БК түсімінің құрылымы, %
*Көз: «Беккер және К» БК

Компания түсімінің құрылымы екі жыл бойына өзгерістерге ұшыраған жоқ, және шұжық өнімдері 66% үлесімен басқа бағыттардың арасында үстемдік етуін жалғастырды. Алайда 2010 жылдың 6 айы ішінде түсімдегі шұжықтардың үлесі 58% дейін 6% қысқарды, сол уақытта Компанияның жалпы түсіміндегі кулинарлық өнімдердің үлесі 2%, өзге өнімдердің үлесі 16% артты. Көрсеткіштердің осы серпіні шұжықтар шығару көлемінің сипатты төмендеуіне және Компанияның кейбір өнімдерінің маусымдылығына (мысалы, жазғы кезеңде сыра өндірудің ұлғаюы сияқты) байланысты.

«Беккер және К» БК шоғырландырылған көрсеткіштері	2008ж. млн. тг.	2009ж. млн. тг.	2010ж. 6 айы млн. тг.	2009 жылға өзгерістер
Жиынтық активтер	3280	3569	3509	-2%
Меншікті капитал	2976	3206	3112	-3%


Сату көлемі	5242	4867	2611	-46%
Операциялық кіріс	699	457	176	-61%
Таза пайда	721	452	107	-76%
ROA	22%	14%	3%	-79%
ROE	24%	16%	3%	-81%
ROS	14%	9%	4%	-56%
Лeverедж	0,10	0,11	0,13	18%

2009 жыл ішінде Компания түсімнің 4,9 млрд. теңгеге дейін немесе 2008 жылға 7% төмендегенін көрсетті, осы құлдырауды ескере отырып, операциялық кіріс те тиісінше 457 млн. теңгеге немесе 35% төмендеді.

Шұжық өнімдері және мұздатылған жартылай фабрикаттар

Бірнеше жылдың ішінде Компания Алматы қаласындағы өнімдер нарығында көшбасшылық орын алады (Алматы қаласы шұжық нарығының 50%). Алайда, республикада және Алматы қаласы бойынша шұжық өнімдерін шығару көлемі бұрынғысынша төмендеу серпінімен сипатталады.

Компания құрылған сәттен бастап Алматы қаласы бойынша шұжық өнімдерін өндіру және оны одан әрі сату негізгі бағыт болып табылады (2009 жыл үшін түсімнің 65%). Ет өңдеу өндірісіне арналған жабдықтар негізінен Bastramat, Kramer&Grebe, Franke&C, Bayha, Handtmann сияқты белгілі халықаралық маркалармен ұсынылған. Барлық жабдықтардың орташа жасы шамамен 10 жылды құрайды. Өңдеудің жылдық қуаты 4000 тоннаны немесе тәулігіне 10 тоннаны құрайды, және бүгінгі күні толығымен жүктелген. Шығарылатын шұжық өнімдері пісірілген шұжықтарға, сосискаларға, сарделькилерге, жартылай ысталған және пісіріліп-ысталған шұжықтарға, ветчиналарға, шикідей ысталған және пісіріп ысталған таңсық тағамдарға және мұздатылған ет жартылай фабрикаттарына бөлінеді. Сондай-ақ 2001 жылдан бастап Компания қуаты тәулігіне 3 тонна немесе жылына 1 мың тонна мұздатылған жартылай фабрикаттар өндірісін жолға қойды (2009 жылы түсімнің 13%). Өнімдер тұшпаралар, варениктер, котлеттер мен мантылар болып бөлінеді. Барлық өнімдер әртүрлі еуропалық және жергілікті рецептуралар пайдаланыла отырып, неміс технологиясы бойынша дайындалады. Өнімдер күнбе-күн сатылады. Шығарылатын өнімдердің түр-түрі 180 астам атауларды қамтиды және жаңа сорттарды енгізу есебінен өсуін жалғастыруда. Күн сайын шошқа етінен, жылқы етінен, сиыр етінен, қой етінен және құс етінен жасалған 15 тоннаға дейінгі ет өнімдері өңделеді.



Пісірілген шұжықтар
сосискалар, сарделькалар
пісіріп-ысталған шұжықтар
жартылай ысталған шұжықтар
таңсық өнімдер

24-диаграмма. Ет өнімдерінің түрлері бойынша шығару құрылымы

* Көз: «Беккер және К» БК




Тұшпара
Варениктер
Котлеттер, тефтельдер, фрикаделькалар
Манты
Өзгелері

25-диаграмма. Мұздатылған жартылай фабрикаттар түрлері бойынша шығару құрылымы

* Көз: «Беккер және К» БК

Шұжық өнімдерінің жалпы құрылымында «Докторлық» шұжығы бұрынғысынша барынша көп көлемді иеленеді, онда күн сайын сатуға жөнелтілетін шұжық өнімдерінің 10 тоннасы бар, оның үлесі шамамен 2 тоннаны құрайды.




Алматы қаласында шұжық өнімдері, тонна
«Беккер және К» БК ЖШС шұжық өнімдері, тонна
«Беккер және К» БК үлесі

26-диаграмма. Алматы қаласы бойынша ет және қосымша өнімдер нарығындағы «Беккер және К» БК үлесі, тонна
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Компания шикізат өнімдері нарығында салмақты ойыншы болып табылады, оған ай сайын 300 тоннадан астам ет, оның ішінде барлық сатып алу көлемінен шошқа еті - 45%, сиыр еті - 35%, жылқы еті - 13%, қой еті - 3,5% және құс еті - 3,5% талап етіледі. Төлеу сенімділігі мен уақтылылығын ескергенде бұл көлемдер Компанияға жеткізушілер мен жағдайлар таңдауға қатысты артықшылық жағдайда болуға мүмкіндік береді.

Мұздатылған өнімдер сегментіндегі Компанияның үлесі 2009 жылдың 8 айы ішіндегі 9% бастап 2010 жылдың 8 айы ішіндегі 11% дейін біртіндеп ұлғаюда, және оң серпінді көрсетеді.



2009 жылдың 8 айы 2010 жылдың 8 айы
«Беккер және К» ЖШС шығару көлемі
Алматы қаласы бойынша ет және қосымша өнімдер
«Беккер және К» ЖШС үлесі

27-диаграмма. Алматы қаласы бойынша ет және қосымша өнімдер нарығындағы «Беккер және К» БК үлесі, тонна
* Көз: ҚР Статистика агенттігінің және «Беккер және К» БК деректері бойынша


Шикізат бағаларының серпіні премиум-класста шығарылатын өнімнің бағалық сипаттамасын қалыптастыруда күрделі рөл атқарады. Өнімнің құны өзімен бірге шұжықтар мен ет жартылай фабрикаттарына қойылатын бағаларды теңбе тең ілестіре отырып, бағаның артуына сезімталдықпен ден қояды.



Ет бағасының индекстері (ҚРСА деректері), теңге/1кг
 Еттің бағасы (Беккер деректері), теңге/1кг
 ҚР бойынша ет бағасының серпіні
 ҚР бойынша шикізат бағасының серпіні

28-диаграмма. ҚР және Алматы қаласы бойынша баға индекстері, теңге/1 кг.

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша



Ет бағасының индекстері (ҚРСА деректері), теңге/1кг
 ҚР-да шұжықтың орташа бағасы, теңге/1кг
 Еттің бағасы (Беккер деректері), теңге/1кг
 Беккер және К ЖШС шұжықтарының орташа бағасы, теңге/1кг

29-диаграмма. ҚР және Алматы қаласы бойынша ет және шұжық өнімдері бағасының индекстері, теңге/1 кг.


* Көз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша

Рентабельділік көрсеткіштерін жақсартуды қалыптастырудағы кідірткіш фактор қымбаттаған шикізатты жеткізумен байланысты болашақтағы белгісіздікті азайтуға арналатын меншікті шикізат өндірісінің болмауы болып табылады. Болашақта Компания Алматы қаласының Қарасай ауданындағы бар өндірістік базаны іске қосу есебінен өзінің шикізат базасын дамытатын болады.

Тұтастай алғанда нарық бойынша тұтастай елде 2% оң өсу жағдайында Алматы қаласында шұжық өнімдерін өндіру мен оның импортының 2009 жылы 35% және 2010 жылдың 8 айы ішінде 11% жалпы азауы байқалады. Тұтастай алғанда біз нарықты оң бағалаймыз және халықтың экономикалық белсенділігінің және ҚР-да бөлшек сауда айналымының жақсаруы есебінен салалық көрсеткіштердің біртіндеп өсуін болжаймыз.

Нан-бөлке өнімдері

Наубайхана 2000 жылы іске қосылды. Наубайхана жалпы алаңы 531 м² өндірістік корпусының бір бөлігін алады. Орташа пайдалану мерзімі 3 жылды құрайтын жабдықтар шетелдік Winkler-Wachtel, Rototherm, Diosna маркаларының жабдықтарымен ұсынылған. Жабдықтардың қуаты тәулігіне 1,5 тонна. Цех нан-бөлке және ұн өнімдерінің он алтыдан астам түрін өндіруді жүзеге асырады – «Берлин», «Бородин», «Арпа астығы», «Картопты», «Астықты» нандарын, багеттер, бөлішектер, қабатты өнімдер. Түр-түрлілік классикалық неміс технологиясымен атқарылады. Бұл сегмент бірнеше жылдар бойына Компанияның жалпы түсімінде өзгеріссіз 6% алады.



Алматы қаласы бойынша торттар мен тәттілегіштері бар ұн өнімдерін өндіру көлемі, тонна
 Беккер және К нан және ұн өнімдерін өндіру көлемі

30-диаграмма. Алматы қаласы бойынша торттар мен тәттілегіштері бар ұн өнімдерін өндіру көлемі, тонна

* Көз: ҚР Статистика агенттігінің және «Беккер және К» БК деректері бойынша

Компанияның Алматы қаласының нарығындағы жалпы үлесі өндіріс көлемінің 2009 жылы 608 тоннаға дейін азаюына және 2009 жылы нарықтың өз көлемінің 15% ұлғаюына байланысты 2006 жылғы 20% шарықтау биігінен 11% дейін біртіндеп құлдырағанын көрсетеді. Біз нарықтың үлесі

Компанияның саясатына тікелей тәуелділікте болады деп ойлаймыз және төмендеуді ескере отырып, болашақта көрсеткіш болжамдары жақсарады деп үміттенеміз.

Бұл тармақта біз эмитент қызметтеріне Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық көрсеткіштермен салыстыра отырып талдау жүргіздік, эмитент қызметін орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстыру мүмкін болып табылмайды.

Компания шұжық өнімдерінің жоғары рентабельді нарығында көшбасшы болып табылады. Күшті позициялары тіпті нарықтардағы да, сондай-ақ Компанияның өзіндегі де біршама құлдырауды ескергенде мұздатылған жартылай фабрикаттар мен нан-бөлке нарығында да көрініс табады. Біз бәсекелестік пен өсіп отырған шикізат шығынын Компания өзінің премиум-сегмент өнімдерінің жоғары қосылған құнымен өтейді деп болжаймыз. Компанияның қазіргі позициялары сатудың қазіргі көлемін ескергенде ағындардың жақсы болжамын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Халықтың жергілікті мәдениеті мен корпоративтік мінез-құлықтың сертификацияланған нормаларын ескере отырып, Компания қызметінің практикасына мойындалған дәстүрлерді белсенді түрде енгізу халықтың, бизнес бойынша әріптестердің арасында беделдің өсуіне бағыт ұстауды және Компанияның корпоративтік әлеуетін жақсартуды жалғастыратын болады.

3) саланың болашақтағы дамуына және эмитенттің осы саладағы жағдайына қатысты болжам.

Тамақ өнеркәсібі саласын талдау көрсеткендей, 2009 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өндірістердің жұмыс істеу жағдайлары күрделі болды. Бұған теңгенің девальвациялануы ішінара ықпал етті, ол Қазақстанның тамақ өнеркәсібіндегі үлесі өте жоғары импорт құрауыштарының (машиналар мен жабдықтар, құрауыштар, шикізат) құнының ұлғаюының себебіне айналды.

Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін өндірістерді мемлекеттік қолдау саладағы терең құлдырауды болдырмауға ықпал етті. Қаржы жылы ішінде барлық кредиттер бойынша субсидия берудің орташа үлесі 51,95% құрады, яғни кредиттің сыйақыларын төлеу бойынша кәсіпорындар көтерген барлық шығындардың жартысына жуығы бюджет қаражаты есебінен өтелді. 2010 жылы тамақ өнеркәсібі өнімдері көлемінің келесі оң серпіні күтілуде.

Қазақстанның шұжық өнімдері нарығы бәсекеге қабілетті және фрагменттік сипатқа ие. Әрбір қала, әдетте, жергілікті деңгейде әрекет ететін бірнеше шағын өңірлік өндірушілерді иеленеді және барлығы бірнеше ірі өндірушілер бар.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша Қазақстанда шұжық өнімдерін өндіру 2009 жылдың қаңтар-тамызы ішіндегі 25099 тоннаға қарсы 2010 жылдың қаңтар-тамызында 27208 тоннаны құрады, оның ішінде Алматы қаласы бойынша тиісінше 3381 тоннаға қарсы 3144 тоннаны құрады.

Сондай-ақ ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша Алматы қаласында құс етін қоса алғанда, ет жартылай фабрикаттарының көлемі бір жыл бұрынғы осындай кезеңдегі 648 тоннаға қарсы 2009 жылдың қаңтар-тамызында 316 тоннаны құрады.

Ет өндірудің жалпы көлеміндегі өнеркәсіптік өңдеудің үлесі 21,4% құрады. Етті қайта өңдеу кәсіпорындарының орташа жылдық қуатын пайдалану 63% құрады. Етті қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын толық жүктеген кезде қайта өңдеудің үлесі бар-жоғы 34% құрайды.

Алматы қаласында Қазақстандағы ет өнімдерінің ең жоғары тұтыну белсенділігі бар деп саналады, мұнда 40 жуық шағын және орташа шұжық цехтары жұмыс істейді. Сарапшылардың пікірі бойынша Алматы импортты ескергенде, тәулігіне 45-50 тоннаға жуық шұжық өнімдерін тұтынады. Егер шұжықтың бір килограммының орташа бағасын 500 теңге деп қабылдасақ, онда Алматы қаласында шұжық өнімдері нарығының тәуліктік көлемі 170-185,5 мың АҚШ долларын, ал жылдық көлемі тиісінше 61-68 млн. АҚШ долларын құрайды.

EIU бағалауы бойынша ҚР-да етті тұтыну халықтың жан басына шаққанда 2009 жылы 46,5 кг құрады. Егер осы норманы Шығыс Еуропа елдерінің нормаларымен (60-80 кг) салыстырсақ, онда Қазақстанның ет өнімдері нарығының ұзақ мерзімді перспективада зор әлеуеті бар деуге болады.

6-кесте

Халықтың жан басына шаққанда етті тұтыну

Елдер	2004 Іс жүзінде	2005 Іс жүзінде	2006 Іс жүзінде	2007 Іс жүзінде	2008 Іс жүзінде	2009О	2010Б	2011Б	2012Б	2013Б
Қазақстан	42,3	43,5	44,7	45,9	46,9	46,5	44,9	43,8	42,9	42,7
Ресей	43,1	43	45,1	47,4	49,2	47	47,9	49,2	50,7	52,2

Словакия	61,9	68,1	68	70,9	75,3	78,2	75,5	76,1	77,4	79,7
Венгрия	81,6	81,8	81,2	82,9	83,2	83,3	79,3	78,5	79,6	81,3
Австрия	70	71,6	74,3	75,5	76,7	77,3	75,6	75,5	75,6	76,1
Бельгия	62,7	59,1	55	55,4	56	55,7	53,9	53,4	53,3	53,4
Польша	67,8	69,1	68,2	59,5	71,1	71,8	70,6	69,9	69,8	70
Румыния	49,3	49,7	52,3	55,9	59,7	63,6	61,2	62,3	64,4	66,9
Чехия	54,2	55,5	56,8	59,2	61,5	63	61,9	62,7	64,3	65,7

Қазақстандағы бөлшек сауданың да дүкендер салу мен ұсынылатын қызметтерді дамыту бойынша да, оның сапасы бойынша да өте үлкен әлеуеті бар. ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша соңғы жеті жыл ішінде жалақы деңгейінің ұлғаюы үрдісі байқалады, бұл 2009-2011 жылдардағы кезеңде бөлшек сауданың орта есеппен 12% өсуіне ықпал ететін болады.

Қазақстанда сапалы қоғамдық тамақтандыруға, фаст-фудтарға, фудкорттарға, кулинария мен мейрамхана аулашықтарына өте зәрулік бар. Қазақстанның қоғамдық тамақтандыру нарығы неғұрлым бәсекеге толы бастады, алайда дағдарысқа байланысты қоғамдық тамақтандыру нарығындағы құлдырау шамамен 30-40% құрады, ал 2008 жылға дейін осы нарықтың жыл сайынғы өсімі кемінде 20%, ал оның көлемі – 300-350 млн. долларды құраған болатын.

Пішініндегі айқын ерекшеліктеріне қарамастан, кулинарияның отандық желілері «дәстүрлі» фаст-фуд-кәсіпорындарымен елеулі бәсекені құрайды. Ұлттық ерекшеліктерге байланысты елдің неғұрлым ересектеу халқы батыстық «жедел тамақтану» үлгісінен шығыстық үлгілерді артық көреді.

JonesLangLaSalle болжамдары бойынша Қазақстанның нарығына шығатын жаңа ритейлердің саны жуықтағы жылдары белсенді түрде ұлғаятын болады. Бұл көптеген дәрежеде Қазақстанның тұтыну нарығының ТМД аумағында осы күнге дейін ең тартымдылардың бірі болып табылатындығына байланысты.

7-кесте

ҚР-дағы бөлшек тауар айналымының болжамы

	өлшем бірлігі	2009Ф	2010П	2011П	2012П	2013П	2014П
Бөлшек тауар айналымы	млрд. АҚШ доллары	23,7	25,1	30,1	34,7	40	46,2
Олардың ішінде тамақ өнімдері	млрд. АҚШ доллары	14,2	14,6	16,9	18,7	21	24,5
Заттай мәндегі бөлшек тауар айналымы көлемдерінің өсуі	%	-15,0%	-4,7%	7,5%	5,2%	6,6%	7,1%
Ақшалай мәндегі бөлшек тауар айналымы көлемдерінің өсуі	%	-25,4%	6,0%	19,9%	15,0%	15,5%	15,5%

8-кесте

ҚР тамақ өнімдеріне арналған тұтыну шығыстарының болжамы

	өлшем бірлігі	2009Ф	2010П	2011П	2012П	2013П	2014П
Тұтыну шығыстары	млрд. АҚШ доллары	20,97	24,64	29,17	33,57	38,8	44,49
Тұтыну шығыстарының өсімі	%		17,5%	18,4%	15,1%	15,6%	14,7%
Үй шаруашылығы шығыстарының үлесі	%	42,4%	42,5%	42,2%	41,9%	41,6%	40,9%

Енді Компанияның нарықтық мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Өзінің 20 жылдық даму кезеңінде Компания шұжық өнімдері көлемін ұлғайтып қана қоймай, жергілікті нарықта тұрақты орын алды, сондай-ақ мынадай перспективалы тоңазытылған жартылай фабрикаттар, нан-тоқаш және кулинариялық өнімдер шығару бағытында дамуды да бастап кетті.

Компанияның шұжық өнімдерін өндірудегі жергілікті нарықтағы көшбасшылығына келесі факторлардың есебінен қол жеткізілген органикалық өсуі себеп болды:

- Қазақстандық немесе шетелдік өнім берушілерден ғана алып отырған тек қана сапасы жоғары ет шикізатын қолдану;
- осы заманғы технологияларды қолдану;

- өндірісте санитарлық-технологиялық нормаларды, шикізат пен дайын өнімді сақталуын қадағалау;
- құзыретті персоналдың болуы.

Сондай-ақ Компания өз өнімдерінің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкес болуына зор көңіл бөледі, сондықтан Компанияда Сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001:2000), Экологиялық менеджмент жүйесі (ISO 14001:2004) және HACCP (ISO 22000:2005) қағидаттары негізінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесі енгізілген.

Кәсіпорын негізінен қымбат түсетін дөңделгендерден бас тартып түпкілікті тұтынушыға жұмыс істейді, сондықтан Компанияның барлық өнімі өзінің супермаркеті, өзінің немесе жалға алған дүкендері арқылы, сондай-ақ ірі супермаркеттер арқылы сатылады.

Қазіргі уақытта өндіріс қуаттарын кеңейту және Компанияның өңірлік нарықтарға шығуы үшін негізгі алғышарттар жасалды, өйткені Алматы қаласының нарығындағы алатын үлесі **50%-ға** жуық, ал өндірістік қуаттарының жүктелуі 90%-ға жуық.

Оның үстіне, шұжық өнімдерінің нарығы фрагментальды және өте бәсекелесті болып табылады. Өрбір қалада бірнеше шағын өндірушілер бар, сондықтан Компанияның менеджменті Қазақстанда осы бизнесті шоғырландыруға шешім қабылдады. Бизнестің шоғырландырылуының дұрыс екендігін мынадай мән-жайлар дәлелдейді, ет өнімдері нарығы сияқты бәсекелесті нарықта компанияның көлемінің елеулі маңызы бар, өйткені нарықтағы үлес үшін «күреске» тарту мүмкіндігі пайда болады.

Компанияның менеджменті нарықтағы ұстанымының мыналардың есебінен күшейтуге сенім артып отыр:

- оң ауқым тиімділігі деп жүрген, оның мәні өнім өндірудің жалпы шығыстарындағы тұрақты шығыстардың үлесін бір мезгілде төмендетумен қатар Компанияның мөлшерін ұлғайту, бұл «алғашқы ізашар артықшылығы» әсерін күшейте түсуге мүмкіндік береді, бұл жаңа ойыншылардың кіру уақытын соза тұруға мүмкіндік береді, өйткені Компания шұжық өнімдерімен тоңазытылған жартылай фабрикаттардың сапасына өз стандартын орнатуға қабілетті болады;
- өз өнімдерінің дистрибуцияларының өз ортасын дамыту, яғни Компанияның өнімін дайындаушының өз бағасы бойынша сататын супермаркеттер мен дүкендер салу.


Компанияның инвестициялық бағдарламасының қаржыландыру көзі Компанияның Қазақстанның қор биржасында (KASE) 8 млрд. теңге мөлшеріндегі корпоративтік облигацияларын орналастырудан алынатын қаражат болып табылады.

Жаһандық қаржы дағдарысының салдарынан Компанияның EBITDA рентабельділігінің көрсеткіші 2009 жылы 12%-ға дейін төмендеді, алайда менеджмент оларды кейінгі жылдары мыналарға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыру есебінен 20% деңгейге дейін ұлғайтуды күтіп отыр:

- Қазақстанның өңірлерінде өндірістік алаңдарды дамыту, 2011 жылдың аяғына дейін жалпы өнімділігі күн сайын 10 тонна болатын 4 жаңа алаңдар қуатына ие болу жоспарланып отыр. Жаңа қуаттар елдің негізгі – Батыс, Орталық, Шығыс және Солтүстік өңірлерінде қуаттардың құрылысын салу және/немесе сатып алу есебінен енгізілетін болады;
- оңтүстік өңірдің дамуы Алматы өңірімен сабақтастырыла жеке қарастырылатын болады, Қазақстанның оңтүстік облыстарының қалаларын жабатын жаңа өндірістік қоймалар мен жаңа өндірістік алаңдар салу көзделіп отыр. Көзделіп отырған қоймалары бар оңтүстік алаң Алматы облысында орналастырылатын болады;
- өзінің сауда тораптарын кеңейту. 2011 жылы Алматы қаласында 5 супермаркеттің құрылысын салу және аяқтау, өңірлерде жаңа өндірістік алаңдарды енгізу үшін таңдалып алынған ірі қалаларда: атап айтқанда, Батыс өңірде – Ақтөбе қаласы, солтүстік өңірде – Павлодар қаласы, орталық өңір – Қарағанды қаласы, шығыс өңір - Өскемен қаласы, оңтүстік өңір – Шымкент қаласында бір-бірден супермаркет салу. Сондай-ақ олардың саны 2012 жылға қарай 50 бірлікке дейін жеткізілетін, оның 25-і Алматы қаласы бойынша, ал қалғандары өңірлерде орналастырылатын шағын дүкендер ашу жоспарланып отыр;
- барынша төмен бағалы сегментке арналған қымбат емес пісірілген-ысталған шұжықтарды өндіру есебінен Алматы қаласында шұжық өнімдерін шығару көлемдерін ұлғайту. Осындай шұжықтарды өндіру көлемі тәулігіне 5 тоннаны құрайтын болады. Жалпы көлемінің өңірлік қуаттарды есепке алғанда 10 тоннадан тәулігіне 25 тоннаға дейін ұлғайтылуы жоспарланып отыр;
- қосымша екі ауысымды және автоматтандырылған өндірісті енгізу есебінен тоңазытылған жартылай фабрикаттарды өндіруді ұлғайту, бұл өндіруді тәулігіне 3-тен 2012 жылға қарай 12 тоннаға дейін төрт есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Компанияның менеджменті, Алматы қаласының шұжық өнімдерін тұтынуы тәулігіне шамамен 40-50 тоннаны құрайтынын есепке ала отырып, сондай-ақ 2007-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыстан кейін Қазақстан экономикасы көтерілуінің жалпы өсуін ескере отырып 2012 жылдың соңына қарай өзінің қаржы көрсеткіштерін жақсартуды есептеп отыр. Қаржылық көрсеткіштердің болжамы өндірісті кеңейтуге және Компанияның өңірлік нарықтарға шығуға бағытталған инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру есебінен жоспарланған болатын.

Төменде көрсетілген кесте Компанияның пайда және EBITDA рентабельділігі бөліністеріндегі Компанияның менеджменті кейінгі бес жылға жоспарлап отырған тарихи және болжамды дамуын көрсетеді.



Ескертпе: Н – нақты деректер, Б – бағалау деректері, Б – болжамды деректер

2009 жылы пайданың төмендеуі негізінен халықтың тұтыну бөлсенділігінің төмендеуі салдарынан болды.

2011 жылы пайданың өсуінің жоғарғы қарқыны қолданыстағы өндірістер көлемінің ұлғаюымен, Алматы қаласында және өңірлерде сауда желілерінің кеңеюімен байланысты болды, ал 2012 жылы пайданың өсуінің болжамды қарқыны өңірлерде шұжық өндірудің сатып алған/жасалған өндірістік алаңдарын аяқтаумен және қолданысқа енгізумен байланысты. 2012 жылдан бастап Компания EBITDA рентабельділігі көрсеткішін, оны 12%-дан 2020 жылы өңірлерде қымбат емес шұжықтарды өндіру есебінен 20%-ға дейін ұлғайта отырып, жақсартуды жоспарлап отыр.

24. Кейіннен эмитенттің қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін эмитент жасаған келісімшарттар, келісімдер туралы мәлімет.

Кейіннен эмитенттің қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін эмитент жасаған келісімшарттар, келісімдер туралы мәлімет жоқ.

25. Құжаттың күні мен нөмірін, қолданылу мерзімін және осы құжатты берген органды көрсете отырып, эмитенттің қызметін жүзеге асыру үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәлімет.

Лицензия №	Алған күні	Қолданылу мерзімі	Қызмет түрі	Лицензияны берген орган
Мемлекеттік лицензиялар				
серия АА-11 0003627	18.04. 2006	шектелмеген	Алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме сату	Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті
Тіркелген тауар белгілері				
12311	-	24.03.2020	«БЕККЕР & Ко» суреті ретіндегі тауар белгісі куәлігі	Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі комитеті (бұдан әрі – ҚР ӨМ ИМҚК)
27606	-	05.07.2017	«БЕККЕРЕНОК» суреті ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
12306	-	15.03.2020	«Becker Bier» суреті ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
26083	-	27.04.2016	суреті ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК

12310	-	24.03.2020	«Becker Bier» - «ШӘЛ ҚЫСҚАҢДА, САҒЫНЫШ ЖОЛДА ҚАЛАР» суреті ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
12312	-	24.03.2020	«Пруссия» – игі қарым-қатынас» сөз тіркесі ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
12309	-	24.03.2020	«Ішіне кірейік, сырласып көрейік» сөз тіркесі ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
13655	-	22.01.2011	«Сапа дәстүрін сезініңіз» сөз тіркесі ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
27607	-	05.07.2017	Сурет ретіндегі тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
7885		05.06.2017	Тауар белгісі куәлігі	ҚР Өділетмині ЗМҚК
Тіркелген алдын ала берілетін патенттер				
884	15.05.2008	-	«қайнатылған-ысталған шұжық қаптама (2 нұсқада)»	ҚР Өділетмині ЗМҚК
885	15.05.2008	-	«қайнатылған шұжық үшін қаптама (4 нұсқада)»	ҚР Өділетмині ЗМҚК
886	15.05.2008	-	«шала ысталған шұжық үшін қаптама (4 нұсқада)»	ҚР Өділетмині ЗМҚК
991	20.08.2009	-	«орам (2 нұсқада)»	ҚР Өділетмині ЗМҚК

26. Соңғы екі жылдағы немесе өлшемдердің қабылданған нақты немесе сандық бірліктерімен нақты болу кезеңіндегі сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемі.

Соңғы екі жылдағы немесе нақты болу кезеңіндегі Эмитенттің сатылған өнімдерінің (көрсетілген жұмыстар, қызметтер) көлемдеріндегі өзгерістерді талдау – қызметінің жан-жақты талдауын **23-тармақтың 2-тармақшасынан қараңыз.**

Сатылған өнім	2007 жыл		2008 жыл		2009 жыл	
	Шығару	Сату	шығару	Сату	Шығару	Сату
Ет өңдейтін цех, кг/ай	3 483 129	3 445 421	3 398 322	3 313 886	2 862 550	2 743 580
Тоңазытылған жартылай фабрикаттар цехы, кг/ай	803 875	803 977	760 190	750 709	608 445	602 803
Кулинария, кг/ай	-	-	292 279	233 755	289 291	250 132
Наубайхана, кг/ай	619 527	591 398	601 600	564 400	501 942	469 855
Сыра зауыты, л/ай	109 327	108 825	103 433	104 576	94 255	94 374

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатудың (жұмыстар, қызметтер) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар.

Эмитенттің табыстылығына оң әсер ететін негізгі факторлар:

- ✓ 20 жыл ішіндегі қызметінің оң беделі;
- ✓ өзінің дистрибьюторлік желісін кеңейту;
- ✓ жаңаларын салу/сатып алу және қолданыстағы өндірістерді кеңейту;
- ✓ жеңілдікті салық салу;
- ✓ шикізат пен жабдықтарды баламалы жеткізушілердің болуы;
- ✓ бизнес-үдерістерді оңтайландыру (IT технологияларын жетілдіру және басқаруды автоматтандыру);
- ✓ өндірілетін өнімнің жоғарғы сапасы;
- ✓ қызметтердің тарифтік және баға түзудің икемді жүйесі;
- ✓ Эмитенттің өніміне сұраныстың өсуі;
- ✓ Алматы қаласының нарығындағы күшті ұстаным;
- ✓ кәсіби менеджмент.

Эмитенттің табыстылығына теріс әсер ететін негізгі факторлар:

- ✓ бәсекелестерді жандандыру;
- ✓ өндірілетін өнімге жоғары бағалар;
- ✓ экологиялық нормалардың болуы мүмкін бұзушылықтары;
- ✓ індеттер қауіп-қатері;
- ✓ шикізатқа арналған бағаның өсуі;
- ✓ Эмитент бизнесінің кеңеюмен байланысты әкімшілік шығыстардың ұлғаюы.

28. Эмитенттің өз өнімдерін (жұмыстар, қызметтер) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

Осы тармақта дәрежесі қолданыстағы жабдықтаушылар мен тұтынушыларға байланысты эмитенттің негізгі жабдықтаушылары мен тұтынушылары туралы мәлімет көрсетіледі, оның ішінде:

1) олардың үлесін пайызбен көрсете отырып, барлық өнім берудің жалпы көлемінің он және одан да жоғары пайызы солардың үлесіне келетін Эмитенттің өнім берушілерінің атауы және орналасқан жері. Осы көздердің болашақта қолжетімділігіне қатысты болжамдар ұсынылуы тиіс;

Төмендегі кестеде 2010 жылдың қаңтарынан бастап қазан айы кезеңіндегі негізгі ет өнімдерін берушілердің тізімі ұсынылған. Таяудағы уақыт ішінде осы деректердің қолжетімділігіне қатысты қандай да бір өзгерістердің болуы жоспарланып отырған жоқ.

Жабдықтаушы	Орналасқан жері	Өнім түрі	Сума, млн. теңге ҚҚС-сыз	Жалпы сомасынан %-бен
«AKPLASTZHETISU» ЖШС	Талдықорған, Мүшелтой шағын ауданы, 25-үй, 61-пәтер	Ет	599	25%
«КАДСнабСтрой» ЖШС	Алматы, Гагарин көшесі, 246-үй, 44-пәтер	Ет	458	19%
«АПК «Волынский» ЖШС	Қарағанды обл., Дубовка а., өнеркәсіп кешені	Ет	472	19%
Өзге жабдықтаушылар		Ет	627	26%
Жабдықтаушылар		Өзге шикізат	275	11%
БАРЛЫҒЫ:			2431	100%

Компанияның негізгі қызметі ет және шұжық өнімдерін өндірумен байланысты болғандықтан, оның негізгі шикізаты ет болып табылады. Компания ай сайын 300 тоннаға жуық түрлі ет сатып алуды жүзеге асырады, соның ішінде орташа есеппен алғанда: шошқа еті – 45%, сиыр еті – 35%, жылқы еті – 13%, қой еті – 3,5%, құс еті – 3,5%. Осылайша, ет шикізатын жабдықтаушыларға тиесілі төлемдер үлесі барлық жабдықтаушыларға төленетін төлемдерінің 90%-ға жуығын қамтиды. Барлық жабдықтаушыларға төленетін төлемдердің жалпы сомасы 2010 жылдың 9 айы ішінде 2 431 млн.теңгені құрады.

2) олардың сатудағы жалпы үлесін пайызбен көрсете отырып, эмитенттің өнімдерін (жұмыстар, қызметтер) сатудан түскен жалпы пайданың он және одан да көп пайызы олардың үлесіне келетін тұтынушылардың атауы және орналасқан жері. Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуға әсерін тигізетін болуы мүмкін теріс факторлар ашып көрсетіледі.

Эмитентте олардың үлесіне сатылатын өнімнің пайдасынан он және одан да көп пайызы олардың үлесіне келетін тұтынушылар жоқ, өйткені барлық өнімнің 75%-ы өзінің сауда желілері арқылы сатылады.

«Беккер и К» БК дайын өнімін өткізудің негізгі нарығы – Алматы нарығы болып табылады. Өнімдерді сату Алматы қаласының әртүрлі аудандарында орналасқан **27 фирмалық сауда нүктелерінде** және супермаркетте жүзеге асырылады.

Компанияның шұжық өнімі премиум-класс өнімі болып табылады, сондықтан «Беккер и К» БК ет өнімдерінің негізгі тұтынушылары елшіліктердің, банктер мен фирмалардың қызметкерлері, бизнесмендер, кәсіпкерлер болып табылады.

«Рамстор», «Силк Вей Сити», «SM-Market» гипермаркеттері, «Столичный» СО, «Керемет», «Рахмет», «Скиф-Сауда», «Спутник», «Дастархан» жүйесі, «Интерфуд», «Астана интеротель», «Рахат палас» қонақүйлері, «Рос интер» мейрамханалар желісі және тағы да басқалар өнімнің барынша көп көлемін сатып алатын тұтынушылардың қатарына жатқызылады.

«Пруссия» мейрамханасына және қаланың фирмалық сауда нүктелеріне, сондай-ақ белгілі дәмханаларға, барларға, мейрамханаларға, клубтарға және ойын-сауық орталықтарына келушілер «Becker Bier» сырасының тұтынушылары болып табылады.

Эмитент өз өнімін меншікті сауда желісі арқылы өткізеді, оның әріптестік қарым-қатынастары жақсы ұйымдастырылған, сондай-ақ оның өнімі халық арасында үлкен сұранысқа ие, осыған байланысты Эмитент өнімінің өткізілуіне кері әсерін тигізетін факторлар жоқ.

29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, маусымдық сипаты бар эмитент қызметінің түрлері және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі.

Эмитенттің қызметі негізгі түрлерінің маусымдық сипаты жоқ.

2) Эмитентке берілетін (көрсетілетін) өнімнің шикізаттың (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі және эмитент экспортқа өткізетін өнімдердің (жұмыстар, қызметтердің) өткізілетін өнімдердің жалпы көлеміндегі үлесі:

Жергілікті ет өндірушілер Эмитентке негізгі ет жеткізушілер болып табылады. Сондай-ақ Алматы қаласы Эмитенттің дайын өнім өткізетін негізгі және бірден-бір өткізу нарығы болып табылады. Ендеше, Эмитент өнімді экспортқа шығармайды.

3) егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы Эмитент активтерінің теңгерімдік құнынан он пайыз жоғары болса, облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалған (жасалуы тиіс) немесе орындалған (орындалатын) мәміле (мәмілелер) туралы мәлімет:

Облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап эмитент активтерінің теңгерімдік құнынан 10% сомасына алты айдың ішінде Эмитент жасауы тиіс мәмілелер – жоспарланып отырған жоқ.

4) болашақ міндеттемелер. Эмитенттің негізгі болашақ міндеттемелері және осы міндеттемелердің Эмитенттің қызметіне тигізуі мүмкін теріс ықпалы, оның ішінде өзге эмитенттердің облигациялары бойынша эмитенттің кепілдігі туралы осындай эмитенттер туралы ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген, облигациялардың саны, кепілдік шарты, өтеу күні және кепілдендірілген шығарылымның валютасы ашып көрсетіледі:

Эмитенттің қызметіне теріс әсерін тигізуі мүмкін міндеттемелер - жоқ.

5) Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Олардың нәтижелері бойынша эмитенттің қызметін тоқтату немесе шектеу, оның ақшалай немесе өзге де міндеттемелеріне тыйым салатын эмитент қатысатын сот процестері мәнінің сипаттамасын көрсету:

Олардың нәтижелері бойынша Қоғам қызметін тоқтату немесе шектеу, оған ақшалай немесе өзге де міндеттемелерді жүктеу жөніндегі сот процестеріне Қоғам қатысқан жоқ.

6) Уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына салған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәлімет. Санкцияның қолданылу күнін, санкцияны қолданған органды, санкцияның себебін, санкцияның түрі мен мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесін көрсету;

Эмитентке әкімшілік санкциялар қолданылған жоқ.

7) Тәуекел факторлар. Облигацияларды ұстаушылар тап болуы мүмкін тәуекел факторларының егжей-тегжейлі талдауын ұсыну:

Тәуекел факторы	Тәуекелдердің сипаттамасы	Тәуекелдерді басқару
Өнімнің Қазақстан нарығындағы бәсекеге қабілеттілігімен байланысты тәуекел	Компанияның өнімі премиум-класс болып табылады, бұл оның өңірлік нарыққа жылжуын қиындатады.	Осы өнімнің Қазақстанның өңірлерінде ілгерілеуі үшін бұдан да төмен баға сегментіне есептелген қосымша жаңа бренд құру жоспарланып отыр
Негізгі тұтынушыларға тәуелділік	Бұл арада тәуекел барынша төмен. Компания клиенттерінің қоржыны жеткілікті әртарапандырылған	Осы жобаның шеңберінде жаңа дүкендер мен супермаркеттер салу түпкілікті тұтынушыларды Компанияның өнімімен жақындай түсуге мүмкіндік береді
Ет жеткізушілерден тәуелділік	Ет жеткізушілерден тәуелділік байқалады.	Осы тәуелділік ең жоғарғы сапалы ғана ет таңдалатын премиум класс өнімдерін өндіру кезінде ғана байқалады, премиум-класс емес өнімге қатысты еттің сапасы орташа болуға мүмкіндік береді
Қазақстан нарығының өзгеруі	Тұтыну сұранысының жоғарылауы, ет өнімдерін өндіру мен сатудың өсуі, осының салдары ретінде жаңа өндірушілердің пайда болуы	Компанияөнімнің жоғары болуы себепті өнім берушілермен де, сондай-ақ тұтынушылармен де берік байланыс орнатқан

Ветеринариялық тәуекелдер	Болуы мүмкін эпидемиялар	Өнім берушілер базасын әртарапандыру
Техникалық тәуекелдер	Компанияның негізгі құралдары 40 %-ға тозған	Компания ескі жабдықтарға қажетті жөндеу жүргізеді және жаңа жабдықтар сатып алады
Экологиялық тәуекелдер	Қоршаған ортаны қорғауды басқару Қоршаған орта мині компанияның қызметін бақылайды	Компанияның республиканың экологиялық станцияларымен проблемасы жоқ

8) Эмитенттің басқа да қызметі туралы, эмитент өз қызметін оларда жүзеге асыратын нарықтар туралы өзге де ақпарат.

2003 жылы қарашада «Беккер и К» БК ISO 9001:2000 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесінің сертификатталуынан табысты өтті және сертификаттау жөніндегі SAIGlobal Limited және IQNET халықаралық танылған органның сертификатын алды.

2007 жылдың сәуірінде "Беккер и К" БК Жаһандық шарты қосылды және United Nations Global Compact (БҰҰ Жаһандық шарты бюросы) сайтында тіркелді.

Компанияның сапалы өнім шығарудағы жетістіктері

«Беккер и К» БК шығаратын өнімнің сапасы біздің елімізде және одан тыс жерлерде өткізілетін көрмелерде, конкурстарда, фестивальдарда, жәрмеңкелерде алған жоғары наградалармен атап өтілген.

Жыл	Іс-шаралар атауы	Номинация/Өнім	Награда	Өткізу орны
2003	«Сапа дәстүрі» 3-ші кәсіби азық-түлік өнімдерінің дәмін татып көру шарасы	«Сапа дәстүрі»	Бірінші орын	Астана қ.
2004	«Ет өндірісі» Халықаралық форумы	Жабық дәмін татып көру шарасында «Ветчину из конины с грудкой куриной» үшін Ресей Ет Одағының жоғары бағасына ие болды.	Гран-при Екі алтын медаль	Мәскеу қ.
2005	«Қазақстанның азық-түлік нарығы - 2005» көрмесі	Ет өңдеу өндірісінің өнімдері	Гран-при алтын медаль	Алматы қ.
2006	«Ет өндірісі 2006» Халықаралық форумы	Қайнатылып ысталған қазы және «Докторская от Беккера» қайнатылған шұжығы	Алтын медаль	Мәскеу қ.
2003	Сыраның үлкен республикалық фестивалі	Жоғары сапалы сыра және экспозицияны керемет өсемдеу	Дипломдармен марапаттау	Астана қ.
2004	«Қазақстанның ең үздік тауарлары» республикалық конкурс-көрме	«Becker Bier» «Өндірістік тауарлары»	Конкурс лауреаты ретінде танылды	Астана қ.
2005	«Қазақстанның азық-түлік өнімдері – 2005»	«Баварская» бөлкесі	Алтын медаль	Алматы қ.
2005	«Қазақстанның азық-түлік өнімдері – 2005» көрмесі	«Беккерден шығыс сыйы» Манты және түшпаралар	Алтын медаль	Алматы қ.
2004 2006	«Өнім сапасы бойынша Алматы қаласының ең үздік кәсіпорны»	Өнімнің жоғары сапасы	I дәрежелі диплом	Алматы қ.
2005 2006	«Қазақстан тұтынушыларының Ұлттық лигасы» қоғамдық қоры		«MHC13» халықтық сапа белгісі	Алматы қ.
2006	Қазақстандық 1- ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі	Белсенділігі үшін	Құрмет дипломы	
2006	«Алматы бренді 2006» көрмесі	Белсенділігі үшін	Құрмет дипломы	
2006	«Сапа саласындағы жетістігі үшін» конкурсы	«Халық үшін тауар шығаратын ең үздік кәсіпорын» «Қазы» мен «Жая» - «Ветчина из индейки», «Грудинка индейки сырокопченая», «Домашние» түшпарасы, «Беккер мантылары», «Молочные» шұжықтары, «Докторская» шұжығы, «Куриный рулет с оливками», «Аппетитная» шұжығы	Президент премиясы	
2007	«Ет өндірісі 2007» Халықаралық форумы		Гран-при Алтын медаль күміс медаль	Мәскеу қаласы
2007	ОБЕ елдеріндегі сапа бойынша халықаралық турнир	5 индексмен «Еуропадағы жетістікті тану» Сертификаты	Турнир лауреаты ретінде танылды	
2007	«Қазақстандық марка 2007» Конкурс-	«Өнім сапасы»	Дипломдар	

Жыл	Іс-шаралар атауы	Номинация/Өнім	Награда	Өткізу орны
	көрме	«Белсенділігі үшін»		
2009	«Ет өнімдері 2009» Халықаралық форум	Шикідей ысталған жылқы еті, «Ветчина Деликатесная», «Краковская» шұжығы, «Беккеренок» балалар түшпарасы, «Домашние» котлеттері, «Конские» шұжықтары, «Ветчинная к пиву с кониной» шұжығы	Гран-при Алтын медаль Күміс медаль	Мәскеу қаласы
2009	«Отандық Өнім» көрме-жәрмеңкесі	«Мінсіз өнім сапасы»	Диплом	
2010	«Қазақстанның азық-түлік нарығы 2010»	«Самса» жартылай өнім – «Говяжьи» түшпарасы, «Молочные» шұжықтары, «Деревенский» наны	Гран-при Алтын медаль	

V. Қаржылық жай-күйі

ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Компанияның активтерінің көлемі 2009 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша 3 569 773 мың теңгені құрады. 2009 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша міндеттемелерінің көлемі негізінен сауда және өзге де кредиттік берешектер үлесінің есебінен 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,8%-ға ұлғайып, 363 968 мың теңгені құрады.

Компанияның өз капиталы 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капиталға жарнаның ұлғаюы есебінен 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,7%-ға ұлғайып, 3 205 805 мың теңгені құрады.

30. Теңгерімдік құны, материалдық емес активтердің жалпы құнынан бес және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

Материалдық емес активтер серпіні, мың теңге

Атауы	2008 жыл	2009 жыл	01.06.10	01.10.10
Бастапқы құны	13 242	13 658	13 893	16 502
Тозу жиынтықтары	4 128	5 969	6 560	8 614
Қалған құны	9 114	7 689	7 333	7 888

01.10.10ж. материалдық емес активтердің құрамы, мың теңге

Атауы	Бастапқы құны	Есептелген тозу	Қалған құны
Бағдарламалық қамтамасыз ету	16 238	8 530	7 708
Басқалар	264	84	180
Жиыны:	16 502	8 614	7 888

31. Теңгерімдік құны негізгі құралдардың жалпы теңгерімдік құнының бес және одан да жоғары пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

Негізгі қаражат серпіні, мың теңге

Атауы	2008 жыл	2009 жыл	01.06.10ж	01.10.10ж
Бастапқы құны	1 989 713	2 157 466	2 184 647	2 215 992
Жинақталған тозу	116 697	239 669	295 900	327 285
Қалған құны	1 873 016	1 917 797	1 888 747	1 888 707

01.10.10ж. жағдай бойынша негізгі құралдардың құрамы, мың теңге

Атауы	Бастапқы құны	Жинақталған тозу	Қалған құны	Негізгі құралдардың теңгерімдік құнынан меншікті үлесі
Жер, ғимарат және құрылыс	1 549 215	111 045	1 438 170	76%
Машиналар, жабдық және көлік құралдары	494 713	193 095	301 618	16%
Аяқталмаған құрылыс	117 669	-	117 669	6%
Басқалар	54 395	23 145	31 250	2%

Атауы	Бастапқы құны	Жинақталған тозу	Қалған құны	Негізгі құралдардың теңгерімдік құнынан меншікті үлесі
Жиыны:	2 215 992	327 285	1 888 707	100%

32. Инвестициялар.

2010 жылғы 1 қазанда Компанияның қандай да бір инвестициялық салымдары болған жоқ.

33. Дебиторлық берешек.

Дебиторлық берешек сатып алушылардың қысқа мерзімді берешектерін қамтитын сауда дебиторлық берешегін ретінде көрсетіледі. Компания үмітсіз берешектердің тәуекелдерін тұрақты түрде бақылайды, осыған байланысты дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервтер есептелген жоқ.

Бұдан басқа, ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар да дебиторлық берешек болып саналады, осы аванс «Беккер GmbH» байланысты компаниясына өндірістік жабдықтарды сатып алу үшін берілді. 2010 жылдың қыркүйегінде осы келісімшарт бұзылды және 2010 жылдың аяғында қайтарылуға тиіс аванстың сомасы 31.12.2009 жылдарға және 01.10.2010 жылдарға арналған ағымдағы активтердің құрамына қайта сыныпталды.

Дебиторлық берешек серпіні, мың теңге

Атауы	2008 жыл	2009 жыл	01.06.10	01.10.10ж.
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	491 453	95 417	105 061	95 417
Берілген аванстар және басқа ағымдағы активтер	253 968	707 450	560 680	596 548
Сауда дебиторлық берешегі	26 984	27 745	17 134	16 467
Жиыны:	772 405	830 612	682 875	708 432

01.10.2010ж. дебиторлық берешек 708 432 мың теңгені құрайды, дебиторлық берешектің 5 %-ы 35 422 мың теңгені құрайды.

Дебиторлық берешектің жалпы сомасының 5%-ы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымдар туралы мәлімет, мың теңге

Атауы	Орналасқан жері	Берешек түрі	Сомасы	Өтеу күні
«Базис – А» ЖШС	Алматы қаласы, Қазақстан	Үлестік құрылыс шарты	95 417	2010 жылғы желтоқсан
«Беккер GmbH» ИТТ	Германия	Зауыт салуға арналған шарт	482 867	2010 жылғы желтоқсан
«Беккер GmbH» ИТТ	Германия	Дәмдеуіштер, қабықшалар және басқа да жинақтауыштарды жеткізуге арналған шарт	36 636	2010 жылғы желтоқсан

33-1. Эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын, сондай-ақ әрбір активтің құнын және тиісті шарттардың қолданылуы аяқталатын күнді көрсете отырып, сенімгерлік басқаруға берілген эмитенттің активтері туралы мәлімет.

2010 жылдың 1 қазанында Эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын активтері немесе басқаруға берген активтері жоқ.

34. Бұл тармақта эмитенттің жарғылық және өз капиталының мөлшері көрсетіледі.

01.10.2010 жылғы жағдай бойынша жарғылық капиталы 1 146 249 500 теңге құрайды, эмитенттің өз капиталының мөлшері 3 205 702 мың теңгені құрайды. Бұл ретте өз капиталының құрылымында 1 969 452 мың теңге немесе 61 %-ы бөлінбеген пайданың сомасын құрайды.

35. Қарыздар.

Эмитент өз қызметінің уақытында банктерден немесе өзге де кредит ұйымдарынан қарыз қаражатын тартқан жоқ.

36. Эмитенттің негізгі қызметі жүзег асырумен байланысты кредиторлық берешегі (өнім берушілердің алдындағы берешек, алынған аванстар).

Кредиторлық берешек серпіні, мың теңге

Атауы	2008 жыл	2009 жыл	01.06.10	01.10.10ж.
Сауда кредиторлық берешегі	16 498	26 623	63 496	49 603
Қызметкерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер	31 180	30 618	36 723	37 176
Төленетін басқа салықтар				
Алынған аванстар	16 869	50 891	47 934	85 633
Басқалар	8 460	21 707	6 071	7 783
	9 810	11 242	14 494	16 528
Жиыны:	82 817	141 081	168 718	196 723

2010 жылғы 1 қазандағы ахуал бойынша саудалық несиелік және өзге де қарыздары 66 131 мың теңгені құрайды, осы қарыздың 5 % 3 307 мың теңгені құрайды.

Несие қарызының жалпы сомасынан 5 % мөлшерінде несиелік қарыздары бар ұйымдар туралы мәліметтер, мың теңге

Атауы	Орналасқан жері	Берешек түрі	Сомасы	Өтеу күні
«Оргсервис» ЖШС	Алматы қаласы, Қазақстан	Офистік және комп.техниканы қолдау жөніндегі қызметтерге	4 935	2010 жылғы желтоқсан.
«AKPLASTZHETISU» ЖШС	Алматы қаласы, Қазақстан	Шикізатты (ет) жеткізуге арналған шарт	3 829	2010 жылғы желтоқсан.
«Парус типография» ЖШС	Алматы қаласы, Қазақстан	Оралған материалдарды жеткізуге арналған шарт	3 420	2010 жылғы желтоқсан.

36-1. Эмитенттің аяқталған соңғы үш қаржы жылындағы алған (шеккен) таза пайдасының (залалының) мөлшері.

мың теңгемен

Атауы	2007 жыл*	2008 жыл	2009 жыл	01.06.10ж.	01.10.10ж.
Жыл ішіндегі пайда	514 687	721 499	452 308	107 351	201 267

* аудиттелмеген есеп мәліметтері бойынша

36-2. Левередж.

Атауы	2007 жыл*	2008 жыл	2009 жыл	01.06.10ж.	01.10.10ж.
Левередж	0,06	0,10	0,11	0,127	0,118

* аудиттелмеген есеп мәліметтері бойынша

36-3. аудитор есебімен расталған оның қаржы есептілігіне сәйкес аяқталған соңғы екі қаржы жылының бірінің ішінде эмитенттің қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны көрсетіледі.

мың теңгемен

Атауы	2009 жыл
Операциялық қызметтен қаражат қозғалысы	407 992
Инвестициялық қызметтен қаражат қозғалысы	- 183 690
Қаржылық қызметтен қаражат қозғалысы	- 223 009
Ақша қаражатының таза ағынының жиыны:	1 293

VI. Бағалы қағаздардың шығарылымы туралы мәлімет

37. Эмитенттің облигациялар шығаруы туралы шешім қабылдау күніне дейінгі эмиссиялық бағалы қағаздардың барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты мыналар көрсетіледі:

1) әрбір шығарылым облигацияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, негізгі борыш сомасы, әрбір шығарылым бойынша сыйақының аударылған және төленген сомасы, сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні:

Бұған дейін «Беккер и К» БК облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған жоқ.

2) құрылтайшылар төлеген акцияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі. Соңғы күнге сатып алынатын бағасы көрсетілген, өтелген, айналыста болатын акциялардың саны. Акцияны сатып алу әдістемесі бекітілген күн. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні:

Совместное казахстанско-германское предприятие «БЕККЕР и К» бірлескен қазақстан-германия кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында тіркелді.

3) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осы сияқтылардың орындау мерзімі, бағалы қағаздар бойынша (шығарылымдары және түрлері бойынша жеке) есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы туралы ақпаратты қоса отырып, эмитенттің өзінің бағалы қағаздар ұстаушылар алдында орындалмаған міндеттемелерінің фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру):

Эмитент акционерлік қоғам болып табылмайды және облигациялардың бұрынғы шығарылымдары тіркелген жоқ.

4) егер бағалы қағаздардың қандай да болмасын шығарылымы тоқтатылған немесе жарамсыз болып танылған не күші жойылған жағдайда осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік органды, оларды қабылдау негіздері және күні:

4-тармақта көрсетілген фактілер жоқ.

5) әрбір тіркелген шығарылым бойынша сыйақы төлеу күндері, төлеуге жататын сомалар, сатып алған күндері және әрбір шығарылым бойынша өтеу кезінде төленген сомалар:

«Беккер и К» БК облигациялардың мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырған жоқ.

6) соңғы екі қаржылық жылының әрбір жылындағы немесе нақты жұмыс істеу кезеңіндегі бір акцияға (жай, артықшылықты) дивидендтердің есептелген сомасы және төленген дивидендтердің сомасын көрсете отырып, дивидендтің мөлшері:

Эмитент акционерлік қоғам болып табылмайды.

7) сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауын қоса отырып, эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі рыноктары:

«Беккер и К» БК құнды қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырмады.

8) бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түрі бойынша олардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, оның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзғанда іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:

«Беккер и К» БК облигацияларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырмады.

VII. Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет

38. Облигациялар туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі	Купондық, қамтамасыз етілмеген, индекстелмеген
2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі	8 000 000 (сегіз миллион) дана 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге
3) бір облигацияның номиналдық құны	1 000 теңге
3-1) облигациялар айналысының басталу күні	Облигациялар айналысы «Қазақстандық биржа қоры» АҚ-ның ресми тізіміне осы облигацияларды шығаруды енгізген күннен кейінгі датадан басталады.
4) облигациялар бойынша сыйақы:	
облигациялар бойынша сыйақының ставкасы	Айналыстың барлық кезеңі ішіндегі бір облигацияның

(купон)	жылдық номиналдық құны 10%
сыйақыны есептеу басталатын күн	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап
сыйақы төлеудің кезеңділігі және күні	Сыйақы төлеуді Эмитент айналыстың барлық мерзімі ішінде облигациялар айналысы басталғаннан күннен бастап жылына екі рет әр 6 (алты) ай сайын
Сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары	<p>Сыйақы төлеу теңгемен, осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі датадан бастап 10 күнтізбелік күн ішінде облигация иелерінің шотына ақша аудару жолымен жүргізіледі.</p> <p>Сыйақы алуға төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басталуы жағдайы бойынша облигация иегері тізіліміне тіркелген тұлға құқылы болады.</p> <p>Төлем жүргізу датасына купондық сыйақылар купон сыйақысының жарты жылдық мөлшеріне номиналдық құн жүргізу ретінде есептеледі.</p> <p>Егер облигация иесі Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында банктік есебі бар болған жағдайда купон сыйақысы және негізгі қарыз төлемі теңгемен жүргізіледі. Соманы теңгеге, өзге валютаға ауыстыру және Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын облигация иегерлері шотына аудару инвестордың есебінен жүргізіледі.</p>
сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Сыйақы төлеу 360/30 (жылдағы 360 күн/ айдағы 30 күн) уақытша база есебінен жүргізіледі
индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі	Осы шығарылымның облигациялары индекстелген болып табылмайды
Сыйақы мөлшерлемесінің тіркелмеген мөлшерін белгілеу тәртібі	Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі
5) облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:	
Облигациялардың айналыс мерзімі	Облигациялар айналысы басталғаннан кейін 5 (бес)жыл
Облигациялардыөтеу шарттары	Облигациялар осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басталуы жағдайы бойынша облигация эмитентін ұстаушылар тізілімі жүйесіне тіркелген облигация иесінің шотынан осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі датадан бастап 10 күнтізбелік күн ішінде облигация иелерінің шотына ақша аудару жолымен соңғы төлем жүргізумен бірге купондық сыйақымен бірге номиналдық құны теңге есебі бойынша айналым мерзімінің соңында жүргізіледі.
облигацияларды өтеу күні	Облигация айналасы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткен соң
облигациялар өтелетін орын	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 95-үй
облигацияларды өтеу тәсілі	Облигацияларды өтеу облигация ұстаушылардың тізімілі мәліметтеріне сәйкес облигация иелерінің банктік шотына соңғы кезең үшін номиналды облигация құнын және сыйақы сомасын қолма қол емес аудару жолымен жүзеге асырылады.
орны және облигацияларды эмитент кассасы арқылы қолма-қол ақшамен өтеу кезінде хабарласуға тиісті тұлғалар	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 95-үй. Бас бухгалтер – Дурас А.Н.

5-1) облигацияларға төлем жасаудың талаптары мен тәртібі	Облигациялар қолма-қол емес формада ақшамен төленеді. Облигацияларды жазылу жолымен орналастыру кезінде облигация үшін төлем жүргізу тәртібі мен шарттары Эмитент пен инвестор арасында жасалған сатып алу-сату шарттарында немесе Эмитент пен инвестор мүддесін қорғайтын брокер арасында жасалған шарттарда көрсетіледі. Облигацияларды «Казахстанская фондовая биржа» АҚ-ның сауда алаңының арнайы саудасы арқылы орналастыру кезінде облигация төлеу сауданы ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады Міндеттемелерді қайта қарастыру қарастырылмаған
5-2) облигациялар бойынша қамтамасыз ету	Облигациялар қамтамасыз етілмеген
5-3) арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде қосымша	Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.
5-4) облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер	Облигациялар шығару бойынша облигация ұстаушылардың өкілдері қарастырылмаған
5-5) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы	Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды
5-6) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі	Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізуді «Центр Дар» АҚ жүзеге асыралы, Лицензия № 0406200394, Алматы қ., Сейфуллин көшесі, 565, 8-пәтер, тел. 239 11 42. Тізілім жүргізудің № 535 шарты 2010 жылғы 20 желтоқсанда жасалған.
5-7) төлем агенті туралы мәліметтер	Төлем агенті қарастырылмаған. Облигациялар бойынша купондық сыйақы және номиналдық құн төлеуді Эмитент өз бетінде жүргізеді.
5-8) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде осы құқық көзделген жағдайда)	Эмитент, Директорлар кеңесі шешімінің негізінде облигация айналымының мерзімі ішінде купондық сыйақы төлеу күніне номиналдық құн бойынша облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде төлеуге құқылы. Облигацияларды төлеу шарттары, мерзімі мен тәртібі мазмұндалған облигацияларды мерзімінен бұрын төлеу туралы хабарлама облигацияларды мерзімінен бұрын төлеу басталатын күн ресми жарияланғанға дейін екі ай ішінде «Казахстанская фондовая биржа» АҚ-ның www.kase.kz сайтында және «Беккер и К» БК-ның www.becker.kz сайтында жарияланады. Облигацияларды мерзімінен бұрын төлеу төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде ақша аудару жолымен соңғы жинақталған купондық сыйақы төлемімен бірге номиналды құны теңге бойынша жүзеге асырылады. Номиналдық құнын және соңғы сыйақыны алуға төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басталғаннан кейінгі жағдай бойынша облигация ұстаушы тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы. Облигацияларды мерзімінен бұрын төлеу облигация иесінен өтініш түсу кезектілік қағидасы бойынша жүргізіледі.
6) мыналар көрсетілген облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар:	- облигациялар шығарудың осы проспектісімен қарастырылған мерзімде облигация және купондық сыйақыны төлеу кезіндегі номиналдық құнын алу құқығы; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен

	<p>қарастырылған тәртіпте ақпараттар алу құқығы; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы; - Облигациялардан еркін бас тарту және өзге де өкімдік ету құқығы; - облигацияға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.</p>
6-1) эмитенттің облигациялар ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенантты) бұзғаны туралы хабардар ету тәртібі	<p>Эмитент облигация иегерлерін өз қызметі, қаржылық жағдайы туралы «Казахстанская фондовая биржа» АҚ-ның ережелеріне сәйкес www.kase.kz сайтына және «Беккер и К» БК-ның www.becker.kz сайтында қатысты ақпаратты жариялау арқылы ақпараттандырады.</p>
7) басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт хабарлануы мүмкін оқиғалар:	<p>Облигация бойынша дефолт – сыйақы немесе негізгі қарыз төлемі мерзімі осы проспект бойынша белгіленген күн аяқталғаннан кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация төлеу кезінде купондық сыйақы және/немесе номиналды құнын төлемеу және/немесе толық төлемеу</p>
Облигацияларға дефолт басталған жағдайда қабылданатын шаралар	<p>Эмитенттің кінәсінен купон сыйақысы және/немесе негізгі қарыз бойынша Эмитент проспектісінде белгіленген мерзімде төлем жасалмаған немесе толық жасалмаған жағдайда ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырған ресми мөлшерлемесінен шығарылған төлем жасалмаған әрбір күн үшін айыппұл салынады.</p> <p>Облигация бойынша дефолт түсуі кезінде эмитент дефолттың пайда болуына себептерді жоюға және облигация иесінің құқығын қамтамасыз етуге барлық жағдайды жасайды.</p> <p>Облигация бойынша дефолт болған кезде эмитент дефолтты туындатқан себептерді жою және облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.</p> <p>Егер осындай орындамаушылық еңсерілмес күштің (дүлей құбылыстары, соғыс қимылдары және т.б.) салдарына болса, Эмитент өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>Еңсерілмес күш жағдаяттары туындаған кезде Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдаяттар және оның салдары орын алған уақытқа мөлшерлес кейінге қалдырылады</p>
Дефолт фактілері туралы ақпаратты облигациялардың ұстаушыларына дейін жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі	<p>Дефолт болған жағдайларда Эмитент акция ұстаушыларды осы Проспектіде көзделген шарттар бойынша міндеттерді орындаудың мүмкін еместігі туралы «Казахстанская фондовая биржа» АҚ ресми сайты www.kase.kz және «Беккер и К» БК www.becker.kz сайтында хабарлама жариялау арқылы сыйақы төлеу үшін және оларды өтеу кезінде облигациялардың номиналды құны белгіленген кезең аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.</p>

	Хабарламада орындалмаған міндеттемелердің көлемі, дефолттың туындау себептері және облигацияларды ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі іс-қимылдар тізбесі көрсетілетін
Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыларды және/немесе негізгі борышты төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кездегі облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімі	Облигацияларды ұстаушының құқықтары: <ul style="list-style-type: none"> ▪ Эмитентке міндеттеменің орындалуы туралы жазбаша талап жіберуге. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 722-бабына сәйкес эмитент берешек соманы облигацияны ұстаушы осындай талап қойған күннен бастап 30 күн ішінде қайтаруы тиіс; ▪ егер Эмитентке қойылған облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындау туралы жазбаша талапты алған сәттен бастап көрсетілген мерзім ішінде (30 күнтізбелік күн) ол қанағаттандырылмаса немесе көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін эмитент акцияны ұстаушының талаптарын қанағаттандырудан бас тартса, ол Эмитентке оның міндеттемелері бойынша сотқа шағым беруге құқылы
8) опциондар туралы ақпарат	Опциондар көзделмеген
39. Айырбасталымды облигациялар	Облигациялар айырбасталмайды
40. Облигацияларды орналастыру тәсілдері	
1) облигацияларды орналастыру мерзімі	Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап облигациялар барлық айналым мерзімі бойы орналастырылады
облигацияларды орналастыру тәртібі	Ұйымдастырылған нарықта: Облигацияларды орналастыру сауданы ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Ұйымдастырылмаған нарықта: Облигацияларды орналастыру жазылу жүргізу жолымен жүзеге асырылатын болады
2) жазылу жолымен акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезіндегі айырбастау шарттары	Осы Проспектіде облигациялардың акцияларға айырбасталуы көзделмеген
3) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәлімет	«ИФГ КОНТИНЕНТ» АҚ делдал және диллер компаниясы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 180, 10- қабат, тел.: 2954878
40-1. Эмитент қолданатын шектеулер:	
1) эмитенттің активтерін басқаруға тыйым салу; 2) қайта құрылуға тыйым салу; 3) эмитенттің қызметі түрлерінің өзгеруі; 4) қаржылық шектеулер, оның ішінде: леведредж мөлшерін ұстау, өтімділік коэффициентінің ұстау; 5) эмитенттің облигациялар ұстаушыларына өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпаратты уақтылы жеткізуі	Эмитентке қатысушылардың шешімімен және осы облигацияларды шығару проспектісімен шектеулер (ковенанттер) көзделмеген.
41. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану. Алынған ақшаны бөлулерді жоспарлау кезіндегі болуы мүмкін өзгерістер пайда болған кездегі талаптар(толық сипаттамасы 42-тармақта)	Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат жалпы корпоративтік мақсаттарға, атап айтқанда инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға және болашақтағы берешекті қайта қаржыландыруға бағытталатын болады. Алынған ақша қаражатын жоспарлы бөлу мүмкін болатын жағдайлар туындағанда облигацияларды шығару проспектісіне тиісті өзгерістер енгізілетін

42. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.

Компанияның ақша құралының болжамы қосымша тәсілмен саналған болатын. Ақша құралының қалдығы әр болжамдалған кездің соңында барлық жоспарланған төлеммен көрсетіледі, сонымен қатар сыйақы және қарыздың негізгі сомасымен. Өзінің операциялық қызметінде құралған сыйақы төлемінің өтеу қайнар көзі – Компанияның ақша құралы болып табылады. Сонымен 2011 жылы Компания өзінің табысын ет өнімдерін қайта жасау қуаты және мұздатылған жартыфабрикаттар арқылы, сонымен бірге Алматыда және басқа аймақтарда қосымша өз сауда орталықтарын ашу арқылы көбеетуді жоспарлайды, дәлірек айтқанда:

- ✓ Алматыда күніне 10-нан 15 тоннаға дейін колбаса өнімдерін үлкен көлемде жасайтын құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Болжамды инвестиция сомасы 200-ден 250 млн. теңгені құрайды;
- ✓ Күніне 3-тен 6 тоннаға дейін мұздатылған жартыфабрикаттарды жасайтын қосымша құрал-жабдықтарды алу. Болжамды инвестиция сомасы 250-ден 300 млн. теңгені құрайды;
- ✓ Фирмалық дүкендер ашу. Болжамды инвестиция сомасы 1 500-ден 2 000 млн. теңгені құрайды.

2012 жылдан бастап пайданың өсуіне шұжық өнімдерін өндіру бойынша жаңа өндірістік алаңдарын аймақтарда сатып алу және/немесе енгізу есебінен, сондай-ақ жаңа супермаркеттерді енгізу есебінен қол жеткізіледі деп жоспарлануда, дәлірек айтқанда:

- ✓ Қазақстан аймақтарында жаңа өндірістік алаңдарды енгізу. Осылайша, қолданыстағы қуаттарды кеңейту және аймақтарда жаңа қуаттарды енгізу есебінен шұжық өнімдері өндірісінің жалпы көлемін тәулігіне 15 тоннадан 25 тоннаға дейін, ал мұздатылған жартылай фабрикаттар өндірісін тәулігіне 6 тоннадан 12 тоннаға дейін өсіру жоспарлануда. Инвестициялардың болжанған сомасы 3500-4000 млн.теңгені құрайды;
- ✓ 2012 жылы Алматы қ-да 5 супермаркет және Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Өскемен, Шымкент қалаларында 1 супермаркеттен іске қосу жоспарлануда. Инвестициялардың болжанған сомасы 1500-2000 млн.теңгені құрайды.

Ақша қаражаттары қозғалысының болжамы

млн. теңге	2010Е	2011Б	2012Б	2013Б	2014Б	2015Б	2016Б
Купонды төлегенге дейінгі, бірақ амортизация мен КТС-тан кейінгі пайда	471	1 263	2 318	3 246	3 580	3 652	3 557
Түзетулер:	-	-	-	-	-	-	-
Купон бойынша сыйақыны шегеру	-	(800)	(800)	(800)	(800)	(800)	-
Амортизацияны қосу	133	134	615	618	622	626	629
Қосу /Шегеру жұмыс капиталының өзгеруі	(130)	(333)	(1 287)	(443)	(184)	(167)	(175)
Операциялық қызмет бойынша ақша қозғалысы, келіп түсуі/ (шығуы)	473	264	846	2 622	3 218	3 310	4 011
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қозғалысы, келіп түсуі/(шығуы), соның ішінде:	(167)	(8 000)	(148)	(676)	(677)	(680)	(683)
Негізгі қаражатты толтыру (CAPEX)	(167)	(8 000)	(148)	(676)	(677)	(680)	(683)
Қаржылық қызмет бойынша ақша қозғалысы, келіп түсуі/ (шығуы), соның ішінде:	-	8 000	-	-	-	(8 000)	-
Облигация шығарудан келіп түскендер	-	8 000	-	-	-	-	-
Купон облигациялары бойынша ОҚ жабу	-	-	-	-	-	(8 000)	-
Ақша қозғалысының қорытындысы, келіп түсуі/ (шығуы)	307	264	697	1946	2 542	(5 370)	3 328
Басындағы ақшалай қаржы қалдығы	382	688	953	1 650	3 595	6 137	767
Соңындағы ақшалай қаржы қалдығы	688	953	1 650	3 595	6 137	767	4 095

V. Қосымша ақпарат

43. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде мыналар көрсетіледі:
Эмитент облигациялық бағдарламаны тіркемейді.

44. Облигациялардың айналымындағы шектеулер.

Облигациялардың айналымында шектеулер, орналастырылатын облигацияларды сатып алуы мүмкін, оның ішінде олардың арасында облигациялар орналастыру көзделіп отырған адамдар ортасына қатысты шектеулер – көзделмеген.

45. Эмитенттің облигацияларды шығаруға жұмсаған шығыстар сомасы және осы шығыстардың қалайша төленетіні туралы мәлімет.

Эмитенттің облигацияны шығару мен орналастыру шығыстары мыналарды қамтиды:

1. Қаржы консультантының қызметі, келісім бойынша.
2. Тіркеушінің қызметі.
3. KASEлистинг алымдары, қабылдау және жыл сайынғы листинг алымы облигацияның қосынды номиналды құнының 0,025 пайызы мөлшерінде белгіленеді.
4. Маркет-мейкер қызметі.
5. Андеррайтинг қызметі.
6. Аудит.
7. Рейтингагенттігі.
8. Купон сыйақыларын төлеу.

Шығыстар қызмет көрсетушілердің шоттарына ақша аудару жолымен Эмитенттің өз қаражаты есебінен қолма-қол ақшасыз төленетін болады.

46. Инвесторлардың эмитенттің жарғысының көшірмесімен, облигация шығару проспектісімен, эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін облигацияларды орналастырудың қорытындылары туралы ақпарат құралдарындағы есебімен танысу мүмкіндігі бар орындар туралы.

Жарғының көшірмесімен, облигациялар шығару проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен инвесторлар «Казахстанская фондовая биржа» АҚ сайтында мына мекенжайда: www.kase.kz таныса алады. Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген құжаттар таныстыру үшін инвесторларға «Беккер и К» БК орналасқан жері бойынша ұсынылуы мүмкін: Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 95 үй.

Бас директор




Кравченко Иван Михайлович


Бас бухгалтер

Дурас Александр Николаевич

«БЕККЕР И К⁰» БК БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

№1 қосымша





Прошито и пронумеровано

129

ЛИСТОВ (а)

Председатель Правления

“Қазақстан Республикасының
нарығын және қаржы нарығын
реттеу мен қадағалау агенттігі”
ТІРКЕЛІ
20.11.19 ж. 195 с/р

